



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Болу провинциясында орналасқан Карталкая тау шаңғысы орталығында болған өрт салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және өзінің атынан Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған мен жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бауырлас түрік халқына көңіл айтып, зардап шеккендердің тез арада сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

ӨҢІРЛІК ЫҚПАЛДАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Түрікменстан Халқ Мәжілісінің Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов екі елдің стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Президент бауырлас халықтың Ұлт көшбасшысын Түрікменстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған Халықаралық бейбітшілік және сенім жылының басталуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы қазіргідей жаһандық сын-қатерлер кезеңінде Ашхабаттың бейбітшілік пен бітімгерлікке үндеген бастамасының ерекше маңызын атап өтіп, оны табысты жүзеге асыру үшін Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.


Гурбангулы Бердімұхамедов Халықаралық бейбітшілік және сенім жылының аясында өңірлік және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық пен дамуды қамтамасыз етуге бағытталған Түрікменстан тұжырымдамасының негізгі басымдықтары жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов қазақ-түрікмен қатынастарының деңгейі жоғары екеніне назар аударып, энергетика, көлік-транзит, мәдени-гуманитарлық салалардағы бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру барысын егжей-тегжейлі қарастырды.

Әңгімелесу барысында өңірлік ықпалдастық мәселелеріне және алдағы уақытқа жоспарланған бесжақты форматтағы іс-шараларға айрықша мән берілді.

ҚАЗЫНА ТАҒЫ ДА ҚАРЫЗБЕН

«ТОЛЫҚТЫ»



Соңғы уақытта республикалық бюджет түсімдерінің көлемі азая түскен сайын оның орнын Ұлттық қордан тікелей қаражат алу және мемлекеттік қарызды арттыру арқылы толтыру тенденцияға айналып кеткендей. Соның салдарынан да сарапшылар қауымының Үкіметтің бюджеттік саясатына қатысты күмәнді сауалдары көбейе түсті. Мысалы, 2024 жылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша, республикалық бюджеттің кірісінен шығысының ұлғаюы бюджет тапшылығының 3,6 трлн теңгеге дейін өсуіне әкеп соқтырып отыр.

(Жалғасы 4-бетте)

БЕЙБІТСҮЙГІШ САЯСАТ – БАСТЫ БАҒДАР

«Ақорда» резиденциясында тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.



Сенім грамоталарын Кипр Республикасының елшісі Петрос Накузис, Жапония елшісі Ясумаса Ииджима, Қытай Халық Республикасының елшісі Хань Чуньлинь, Австрия Республикасының елшісі Андреа Бахер, Буркина-Фасо елшісі Аристид Рапугдонда Людовик Тапсоба, Лаос Халық Демократиялық Республикасының елшісі Сипхандон Ойбуабудди, Жана Зеландия елшісі Марк Джулиан Трейнор, Дания Корольдігінің елшісі Йеспер Вар, Словения Республикасының елшісі Аленка Сухадолник табыстады.

Президент еліміз жаһандық және өңірлік деңгейдегі тыныштық пен қауіпсіздікті қолдауға бағытталған бейбітсүйгіш саясат

ұстанатынын жеткізді. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты бағдары.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан әлемдік ауқымдағы іс-шаралар мен кездесулерге ұйытқы бола отырып, халықаралық аренадағы белсенді ойыншыға айналды. Өңірдегі ірі экономикасы бар ел ретінде түрлі мемлекеттерден инвестицияны көптеп тартып отыр. Сондай-ақ Қазақстан нарығы экономикалық ынтымақтастыққа ашық.

Кездесу соңында Президент елшілердің ресми түрде дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттер басшыларына ыстық ықыласын жеткізді.

САЯСИ ДИАЛОГ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Мемлекет басшысы ҚХР-дың Қазақстандағы жаңадан тағайындалған елшісі Хань Чуньлинді қабылдады.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге айрықша мән береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хань Чуньлиннің дипломатиялық миссиясы екіжақты қарым-қатынастар қарқынды дамыған кезеңге тұспа-тұс келгенін атап өтіп, Қазақстан тарапының Қытаймен өзара ықпалдастықтың барлық бағытына тың серпін беруге дайын екеніне тоқталды.

Хань Чуньлинь ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің сәлемі мен ықыласын жеткізіп, екі ел арасындағы мәңгі стратегиялық серіктестік жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалогтың арқасында бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілгеніне назар аударды. Сондай-ақ елші Қытай мен Қазақстанның сан қырлы байланысын одан әрі нығайтуға және өзара ынтымақтастықтың жоғары динамикасын сақтауға бар күш-жігерін жұмсайтынына сендірді.

Кездесу барысында екіжақты күн тәртібінің негізгі мәселелері, соның ішінде сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективалары талқыланды.



ГАЗЫ ЖОҚТЫҢ НАЗЫ КӨП

Биыл Парламент газды үнемді тұтыну жөнінде ел тарихында болмаған жаңа заң қабылдамақ. Құжат Мәжілісте талқыланып жатыр. Депутаттардың ашық айтуынша, ол газ бағасының көтерілуіне әкеледі. Себебі газды тұтыну көлемі қарқынды өсті. Ал геобарлау жұмыстарының жете қаржыландырылмауы, белсенді жүргізілмеуі, жаңа газ өңдеу зауыттарының салынбауы, басқа да факторлар салдарынан газ тапшылығы күшейді. Сондықтан мемлекет оны үнемді тұтынуға ынталандыруды мәжбүрлеу тетіктері арқылы жүзеге асырмақ.

→ 5



23 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



ТАУАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ резервтегі қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері туралы заң жобасы депутаттардың бас-тамасымен әзірленді. Түзету авторларының бірі, Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов жобаның Президенттің 2023 жылғы Жолдауын жүзеге асыру аясында әзірленгенін айтты. Оның негізгі мақсаты — импорттық тауарларға тәуелділікті төмендету, жоғары локализация деңгейі бар өндірістік қилды қалыптастыру, заманауи технологияларды жеткізу, олардың трансферті мен жаңа өндірістерді локализациялау.

— Қазір сертификаттың үш түрі қолданылатыны белгілі: бұл «СТ-KZ», индустриалды және тауардың шығу тегі жөніндегі экспорттық сертификаттары. Бұл сертификаттарды «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы береді. Заң жобасы аясында отандық тауар өндірушілердің тізілімін енгізу жоспарланып отыр. Ол қазіргі қолданыстағы барлық өндірушінің тізімін біріктіріп, «СТ-KZ» сертификаттары мен индустриалды сертификаттары функционалды түрде алмастыратын болады, — деді депутат.

Жаңа тізілім толыққанды ақпараттық жүйеге айналады және қажетті құжаттар сараптама жүргізу үшін басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен біріктіріледі. Ол адам факторын барынша азайтады. Сонымен қатар тізілімді әзірлеу барысында жеке сараптамадан бизнес өкілдері де қатысатын мемлекеттік сараптамаға көшу ұсынылады. Тізілімге кәсіпорындар ақысыз енгізіледі және оған қосылу мерзімі бойынша шектеулер болмайды. Бұл бизнес үшін уақыт пен қаражатты үнемдеуге жол ашады. Тізілімді жүзеге асыруға жауапты уәкілетті мемлекеттік орган — Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі болады.

Дүйсенбай Тұрғанов өндірісті растау жүйесіндегі қазіргі жағдайды ескере отырып, мемлекеттік қолдау шаралары көбінесе нақты бағытталмайтынын, бұл олардың тиімділігін төмендететінін айтты. Сондықтан мемлекеттік қолдауды тек қазақстандық тауар өндірушілерге бағыттау жоспарлануда. Бұл тәсіл ресурстарды мақсатты пайдалану, жергілікті өндірісті ынталандыру және Қазақстанда өндірілетін тауарлар мен олардың өндірушілері туралы ақпаратқа бірегей қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл ұлттық экономиканың дамуына септігін тигізеді.

Жұмыс тобының жетекшісі Мұқаш Ескендіров қосымша баяндамасында қазақстандық тауар өндірушілер тізілімі 2025 жылға күшіне енетінін, ал «СТ-KZ» нысанындағы сертификаттар мен индустриалды сертификаттар 2026 жылғы 1 қаңтарына дейін қолданыста қалатынын айтты.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Жалпы, отырыста резервтегі әскери қызмет және кейбір орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс барысында депутаттар 6 кодекс пен 14 заңға 100-ге жуық түзету енгізді. Жұмыс тобының жетекшісі Ермұрат Бапи әзірленген түзетулер әскери бөлімдерде дайындалған кадрлармен толықтыруға және жауынгерлік іс-қимылдарға дайын резервтік күштер құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Депутаттар резервтегі әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптарды, әскери қызмет өткеру тәртібін, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін нормаларды пысықтады. Осы нормаларды ретке келтіру үшін «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға депутаттар әскерге шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызметке ұқсас резервтегі әскери қызметті өткеру ерекшеліктерін көздейтін нормаларды жеке тарау ретінде жүйелендірді, — деді Е.Бапи.

Депутаттар енгізген түзетулердің келесі блогы әскери резервшілердің еңбек қатынастары мен әлеуметтік қамсыздандырылуына бағытталған. Сонымен қатар әскери резервшілерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары мен жарналарын реттеуге, әскери құқықбұзушылық субъектісі ретінде резервтегі әскери адамның қылмыстық жауаптылығына қатысты түзетулер бар. Бұдан бөлек, мемлекеттік органдардың функцияларын қайта

бөлу бөлігінде осы заң суармалы жерлердің гидрогеологиялық-мелиоративтік мониторингін жүргізу функциясын Ауыл шаруашылығы министрлігінен Су ресурстары және ирригация министрлігіне беру, сондай-ақ суды үнемдейтін озық технологияларды енгізу стандарттары туралы түзетулер енді.

Бұдан соң Мәжіліс 2022 жылғы 10 мамырда Анкарада қол қойылған Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады. Заң жобасы туралы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Ермек Кенжеханұлы баяндады.

— Келісімде карантинге жатқызылған өнімдерді өткізу кезінде елдерімізге қолайлы фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті өзара ынтымақтастықтың негізгі жайттары ескерілді. Мысалы, зерттеу және диагностикалау тәжірибесімен алмасу бөлігінде өсімдіктер карантині жөніндегі ғылыми ұйымдар арасындағы ынтымақтастық жүзеге асыру. Сондай-ақ карантинге жатқызылған өнімнің өкілетін партияларына, ілеспе құжаттарға және тасымалданатын жүктердің транзит шарттарына қатысты талаптар мәселелері талқыланды, — деді Е.Кенжеханұлы.

Түркиядан әкелінетін негізгі карантиндік өнімдер — жаңғақ, қызанақ, бұрыш, алма, шитрус жемістері, жаңа піскен жидектер, жеміс-жидек және гүлді дақылдардың көшеттері. Қазақстаннан дәнді және бұршақ дақылдарының барлық дерлік түрі экспортталады.

Жұмыс тобының жетекшісі Еркебұлан Мәмбетовтің айтуынша, Қазақстан осыған ұқсас келісімдерді Қытай, Вьетнаммен және Әзербайжанмен жасаған. Иран Республикасымен тағы бір келісім ратификациялауға әзірленіп жатыр.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: экологиялық мәселелер бойынша; кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер; Қазақстан мен АҚШ үкіметтері арасындағы Алматы қаласында консулдық мекеме үй-жайларын салу үшін АҚШ үкіметіне жалға жер учаскесін беру туралы келісімді ратификациялау туралы; Қазақстан мен Қырғыз арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты ратификациялау туралы; 2007 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Үкіметі мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан аумағында болуы шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары.

Жалпы, отырыс соңында Мәжіліс депутаттары әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 18 депутаттық сауал жолдалды. «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары өңірлерді аралап, халықпен кездесу барысындағы ұсыныстарды негізге ала отырып, жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру үшін кешенді шаралар қажеттігін айтып, мәселе көтерді. Депутат Жұлдыз Сүлейменова Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновке кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және жұмысшы мамандарды даярлаудың икемді жүйесін құру туралы ұсыныстарын жеткізді.

Ал «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Д.Тұрлыханов инфляцияны ескере отырып, техникалық жұмысшылардың жалақысын индексстеу мүмкіндігін қарастыру қажеттігін назар аударды. Сонымен қатар кәсіптік білім беретін мекемелерді лицензиялау барысында кездесетін бюрократиялық кедергілер мен білім алушылардың стипендиясын да сөз етті. Ол аталмыш шаралар жұмысшы кәсіптерін қолдау және әлеуметтік саланың орнықты дамуына ықпал ететінін атап өтті.

Депутат Мақсат Толықбаев мал ұрлығынан зардап шеккен ШҚО тұрғындарының үндеуі негізсіз емес екенін алға тартып, аталмыш мәселе жігіт қаралуы қажеттігін айтты. Мақсат Мәлікұлы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденовтен Шығыс өңірдегі Катонқарағай ауданында арнайы рейд жүргізіп, мал ұрлығының алдын алу мен ұрыларды ұстау бойынша кешенді шараларды қолға алуды сұрады.

Ә.МҰХАНБЕТ

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінде Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында денсаулық сақтауды цифрландыру және медициналық сақтандыруды дамытуға арналған кеңейтілген отырыс болды.



«Цифрландыру — бұл технологияны енгізу ғана емес, бұл Қазақстанның барлық азаматтарына арналған медициналық көмек сапасын жақсартудағы маңызды қадам. Біз медициналық жүйелердің ықпалдастығын қамтамасыз етуге, әрбір азамат уақтылы және сапалы медициналық көмек ала алатындай қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру мен дербес деректерді қорғауды күшейтуге тиіспіз. Алайда бұл үдерістерді тиімді жүзеге асыру үшін көптеген кедергілерді жою және сапалы әрі тиімді шешімдер қабылдау қажет. Инновациялық технология мен ақпараттық жүйелерді енгізу, жүйелерді кіріктіру, сақтандыру мәдениетін қалыптастыру шаралары еліміздің денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді», — деді Нұрғөре Жүсіп.

Отырыс барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін дамыту, медицина-

лық ақпарат жүйелерін кіріктіру және цифрлық тұғырнамалар арқылы медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру сияқты негізгі мәселелер талқыланды.

Емделушілердің деректерін сақтау, түрлі медициналық жүйелерді біріктіру және медицина қызметкерлерін цифрлық дағдыға үйрету мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға медициналық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту шаралары талқыланды.

Отырысқа сондай-ақ салалық Министрліктердің өкілдері, сарапшылар мен жергілікті денсаулық сақтау органдарының басшылары қатысты. Талқылау нәтижесінде денсаулық сақтау және МӘМС жүйесін жақсартуға бағытталған ұсыныстарды іске асыруға орай жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды.

ҮШ ӘУЕЖАЙДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Президент тапсырмасы бойынша елімізде ішкі туризм мен жолаушылар әуетасымалын дамыту үшін Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежай құрылысы басталды. Бұл жобаларды іске асыру аталған өңірлердің экономикасының дамуына серпін береді, сондай-ақ отандық және шетелдік туристердің келуіне ықпал етеді. Сондай-ақ жобалар жергілікті тұрғындар үшін қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.



Сонымен қатар 2024 жылы ірі түйіндік хабарлы дамыту мақсатында әуеөкілі инфрақұрылымын жаңғырту аясында үш жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілді. Мәселен, Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жолаушылар терминалының өткізу мүмкіндігі ұлғайды.

Мәселен, Алматы қаласы Халықаралық әуежайы жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 2,5 млн-нан 14 млнға дейін ұлғайды. Отандық авиакомпаниялар Air Astana, SCAT, Qazaq Air, Fly Arystan Қазақстанның 19 қаласына тұрақты ұшуды орындайды. Халықаралық әуеқатынасын әлемнің 26 елінде 50 бағыт бойынша 30 шетелдік авиакомпания орындайды.

Шымкент қаласы әуежайының жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 800 мыңнан 6 млн жолаушыға дейін. Жаңа терминал халықаралық әуе бағыттарының санын 10-ға, рейстерді аптасына 24-ке дейін арттырды. Джида, Медина (КСА), Доха (Катар), Фукуок (Вьетнам) және Пхукетке (Тайланд) әуе қатынасы ашылды.

Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының өткізу мүмкіндігі жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін өсті. Бүгінде Қызылорда қаласынан 25 ішкі рейс орындалуда.

Skyhansa қазақстандық-германдық компаниясымен «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында қуаты сағатына 500 адамға дейінгі жолаушылар терминалын, сыйымдылығы 550 мың тоннаға дейінгі отын қоймасын, жүктерді 250 мың тоннаға дейін толық өңдейтін жүк терминалын салу, әуекемелеріне қызмет көрсету авиациялық-техникалық орталық құру бойынша жоба іске асырылуда. Сондай-ақ 300-ден астам тұрақты жұмыс орынын құра отырып, халық үшін туристік және сауда, ойын-сауық қызметтерін дамыту жоспарланған.

Соңғы жылдары әуеөкілі жолаушылар үшін ыңғайлы әрі тартымды болуда. Мысалы, Қазақстанда жыл сайын әуеатасымалы 10-15%-ға артады. 2024 жылы қазақстандық авиакомпаниялар 15 млн-ға жуық адамды тасымалдады, әуежайлар 30 миллион жолаушыға, оның ішінде шетелдік авиакомпаниялар мен азаматтарға қызмет көрсетті.

2024 жылы жүк тасымалы көлемі — жылына 28 мың тоннаға ұлғайды.

Отандық әуеатасымалдау жүйесін дамытудағы маңызды элемент ұшақтар паркін жаңарту. Ол жыл сайын 10-15 әуекемесімен толықтырылады. Бүгінде Қазақстанның авиапаркi 102 ұшақты құрайды.

Бүгінде Қазақстаннан халықаралық әуеқатынасы 31 елмен (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия, Беларусь, Әзербайжан, БАӘ, Сауд Арабиясы, Катар, Иран, Оман, Египет, Кувейт, Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Вьетнам, Таиланд, Моңғолия, Камбоджа, Малайзия, Мальдив аралдары, Шри-Ланка, Түркия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Нидерланды, Польша, Чехия) аптасына 582 рейс жиілігімен 117 бағыт бойынша орнатылды.

Отандық әуежайларда ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Жерүсті қызметінің мамандары алғашқы медициналық көмек көрсету, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды сүйемелдеу бойынша тұрақты арнайы оқудан өтеді. Амбулаторлық көтергіштер, арнайы арбалар, көзі нашар көретіндерге арналған арнайы жолақшалар мен дыбыстық навигация жүйелері бар.

Еліміздің халықаралық әуежайларында ана мен балаға арналған бөлмелер, валюта айырбастау пункттері, пошта байланысы, сымсыз интернет бар. Сондай-ақ онлайн тіркеу процесін жылдамдату үшін бірқатар әуекомпаниялары мобильді қосымшаларды енгізді. Көрсетілетін қызметтер барлық санаттағы азаматтар үшін сапаны және қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы авиация саласының дамуы, халықаралық танылымы үшу қауіпсіздігіне байланысты. Қазақстанда үшу қауіпсіздігі халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейі 82%-ды құрайды. Бұл — ТМД елдері арасында ең жоғары көрсеткіш. Дания мен Польша сияқты Еуропа Одағы елдерімен салыстыруға келеді.

Бұл нәтижелер Қазақстандағы авиациялық туризмді дамытуға, сондай-ақ еліміздің экономикалық әлеуетін нығайтуға және оның халықаралық аренадағы тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді.

Мейір ЖАСЫН

ҰЛТТЫҚ КИНО: ИДЕОЛОГИЯ МЕН БОЛМЫС ӨЗЕГІ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжан Премьер-Министр Олжас Бектеновке кино саласы туралы депутаттық сауал жолдады. Оның айтуынша, кино бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқаруы керек.



«Соңғы жылдары елімізде түрлі бағытта түсірілген фильмдер аз емес. Алайда сол фильмдердің сапасына қатысты сұрақ-сауалдар пісіп жетіліп, арнасынан асып тұр...»

Кино – идеология, кино – саясат, кино – керек десеңіз, ұлттың қауіпсіздігі.

Жапония II Дүниежүзілік қырғыннан кейін ұрпақ санасы мен ұлттық болмысын дәл осы ұлттық кино арқылы жүйелеп алғаны айдай ақиқат.

Кино – бүтін ұлтты ұйытатын, сол арқылы жас ұрпақтың санасына әсер ететін күшті қару. Әр халықтың ұлттық болмысы, тарихы, салт-дәстүрі, діни ұстанымы, әлеуметтік жіктелісі бар. Әсіресе, дәл қазіргідей қазак қоғамы шетелдік сериалдарды тамсана тамашалап, жастардың санасын бөтен жұрттың мәдениеті жаулап жатқан тұста ұлттық киноға көңіл бөлуін маңыздылығы сәт сайын артып тұр.

Кино саясаты қоғам көшін бастауы керек еді, ал біздің бұл өнеріміз қоғамның жетегінде кетіп барады. Соңғы жылдары мемлекеттік тапсырыспен тарихи тұлғаларға арналған сериалдар мен көркем фильмдер түсірілуде. Осы орайда Антон Чеховтың: «Біз Гогольді халықтың денгейіне түсірмеуіміз керек, керісінше халықты Гогольдің денгейіне көтеріуіміз қажет!» дегені еркісіз ойға оралады.

Дәл осы найзағайдың отына нан пісіріп жатқан кезеңде кино – бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқару керек. Сондықтан режиссерлер мен сценаристер ең әуелі кинофестивальдардан сыйлық алуды емес, киноның ұлтқа әкелер пайдасын, ұрпаққа берер тәлімін көбірек ойлағаны лазым.

Әбжыландай ысқырған бүгінгі жаһандану дәуірі еліміздің ұлттық кино саясатын түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлеп отыр.

Тіпті, бала-шағамызбен қатар отырып фильм көрсен, бетіңнен отың шығып кірерге тесік таппайсың. Анайы эпизодтар мен сүйегіңнен өтетін бейпіл диалогтар, шұп-шұбар тіл, атыс-шабыс, жадағай жаргон сөздер, одан қалса әр жерден ұрлап-жырлап, көшіріп алған инкубатор-фильмдер. Керек десеңіз, мұндай теріс имидж тудыратын фильмдер ақыл-есі түзу жұрттың ашуын туғызуға.

Ең қиыны, қатаң сүзгінің жоқтығынан қазақтың көркем де шұрайлы тілі күйреп жатыр. Экран мен эфирде көшенің тілі үстемдік ала бастады. Сонымен қатар дәстүрді дәлдіріп қып, теріс діни ағымдардың насихатын күйттеп жүрген таспалар да жоқ емес.

Өткен 2024 жылы қазақстандық 90 фильм прокатқа шығыпты. Соның 56-ы –

комедия. Күлдіреміз деп бүлдіріп жатырмыз. Жалпы, қазір күлетін кезең бе?.. Картиналар жыл сайын 30 фильмге толыққан. Кассадан түскен түсімдер де аз емес. 6 фильм миллиард теңгеден астам касса жинаған. Бірақ көпшілігінің сапасы сын көтермейді. Көбі – тарихи, экшн, комедиялық, авторлық фильмдер. Ұлттық кинолардың қатыр тым аз. Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы қазақстандықтар 17 млн 47 мың 524 рет киноға барса, соның үштен бірі – алты миллионға жуығы отандық фильмдерді тамашалаған. Сұраныс жоқ емес, бар!

Әлеуметтік сауалнама бойынша, ұлттық киноны көргісі келетіндердің қатары артқан. Алайда ұлттың есін екеу, түсін төртеу етіп, бала-шағасымен театрға түнетін өнім болмай тұр.

Кино өндірісіне нарықтық сипат береміз деп жалаңаштап алған жағдайлар да аз емес. Сөз жоқ, кино нарығы коммерциялық тұрғыдан өзін-өзі қаржыландыру керек. Алайда әлемде ұлттық кино өнеріне мемлекеттік деңгейде қолдау жасап отырған елдер бар. Мамандар даярлауда арнайы мемлекеттік саясат белгіленген. Мәселен, Германия кино саласына мамандайындау үшін жыл сайын 76 миллион еуро бөледі. Ал Оңтүстік Корея отандық киноны қолдау үшін кинотеатрларда көрсетілетін шетелдік фильмдердің сағатын шектейді.

Сондықтан салаға жауапты министрлік мына шараларды жеделдетіп қолға алу керек:

Бірінші, бүкіл мемлекет бойынша (мейлі мемлекет болсын, мейлі жеке тұлғалар болсын) түсірілетін фильмдердің идеологиялық, тілдік, ұлттық ұстанымын реттеу тетігін қарастыратын арнайы көркемдік-сараптамалық кеңес құру;

Екінші, мемлекеттік тілдегі ұлттық фильмдердің үлес салмағына басымдық беру; Үшінші, фильмдерде мемлекеттік тілдің нормаларын бұзуды қатаң қалағалау; Төртінші, халықты арнайы ұлттық киноларды көрсететін кинотеатрлармен қамтамасыз ету.

Бұл орайда, жауапкершілікті арттыру мақсатында «Кинематография туралы» Заңды қатаңдату бағытында бірлесіп жұмыс істеуге әзір екенімізді жеткіземіз», – деді.

ЖАСТАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Жұмыс іздеу – тұлелер үшін аса күрделі мәселе. Сондықтан мемлекет пен қоғамға, бизнеске жүктелетін басты міндеттің бірі – осы процесті жеңілдету.



Соның нәтижесінде, әр азамат еңбек нарығында өз орнын таба алады. Астана қаласындағы колледждерінің тұлелеріне көмектесу мақсатында «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының елордалық филиалы 6 колледжбен және бірқатар коммерциялық компаниялармен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Бұл өзара серіктестік студенттерге тиісті жағдай жасауды көздейді. Яғни, оқуын аяқтаған азаматтардың өз мамандығы бойынша тікелей жұмысқа орналасуына көмек көрсетіледі.

«Өздеріңіз білетіндей, 2025 жыл – ерекше жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оны «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Біздің қоғамда еңбеккерлік және кәсіби шеберлік құндылықтары әрқашан бірінші орында тұруға тиіс. Меморандум колледж студенті тәжірибеден

өткен кәсіпорынға жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл құжат техникалық-кәсіптік мекемелердегі білім сапасын арттыруға бағытталған», – деді «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каримова.

Бұл ретте, меморандум жұмыс берушілер үшін де қызықты болып отыр. Олар колледждерді еңбек нарығындағы және өз кәсіпорындарындағы өзекті қажеттіліктер туралы хабарлар етіп қана қоймай, нақты мамандарды даярлауға тапсырыс бере алады. Бұл туралы елордалық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі кеңесшісі Салтанат Жаналаева айтты.

«Біздің басты идеямыз – білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілер арасында

тікелей диалог орнату. Бүгінде білікті маман дайындау жеткіліксіз, оның жұмысқа орналасуына көмектесу маңызды. Қызметкерлерге, олардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар күн сайын өзгеріп отырады. Қол қойылған меморандум жұмыс берушілерге колледждердің оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ студенттерді тәжірибеден өткізуге ынталандырады», – деді ол.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек елорда тұрғындарының орташа жасы 30 жастан аспайтынына және қала халқының 500 мыңға жуығы жас азаматтар екеніне назар аударды.

«Біздің қала – әлемдегі ең жас астаналардың бірі. Осы орайда, «AMANAT»-тың міндеті – жастарды жан-жақты қолдау, олардың өмір сүруіне, дамуына, лайықты табыс табуына жағдай жасау. Партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары жүзеге асырылды. Осы және өзге шаралар 13 мыңнан астам жас азаматты жұмысқа орналасуға көмектесу шараларымен қамтуға мүмкіндік берді», – деді ол.

Лифт компаниясының басшысы Алексей Гесс осы күні көптеген компанияларда білікті кадр тапшылығы бар екенін және қол қойылған меморандум осы мәселені шешуге көмектесетінін атап өтті.

«Кадрларымыздың қатары жүйелі түрде толығып тұрғаны біз үшін аса маңызды. Себебі жабық жетілдіріліп, көбейіп келеді. Тиісінше, өзекті өндірістік-техникалық базада дайындалған мамандар қажет. Менің ойымша, меморандум бізге ғана емес, өзге де көптеген жұмыс берушілерге пайдалы болмақ», – деді ол.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты жас азаматтар арасындағы жұмыссыздықпен күресу мақсатында үшінші жыл қатарынан «Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізіп келеді. Жалпы, ел аумағында осы уақыт ішінде 160 мыңнан астам адам қатысқан екі жүзден астам «Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Бұған қоса, 30 мыңға жуық жас азаматқа 2,5% жеңілдікпен несиелену бойынша кенес берілді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиев Премьер-Министр Олжас Бектеновке спорт саласы туралы депутаттық сауал жолдады. Оның айтуынша, спорт саласына бөлінген қаржының көлемі өте үлкен болғанымен, оның тиімді пайдаланылуы күмән туғызады.

СПОРТТАҒЫ ҚАРЖЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРҒАН ЖӨН



«Әңгіме спорт хақында. Соңғы 6 жылда Қазақстандағы спорт саласын қаржыландыруға шамамен 1,4 триллион теңге жұмсалды. Ол ол ма, бюджеттен ағымдағы және алдағы екі жылда тағы 1,3 триллион теңге бөлу жоспарланған. Басқасына бас қатырмаса да Қазақстан кәсіби спортқа ақша құюдан алдына қара салмай тұр. Орта Азия елдерін озғаны азай, Канада, Норвегия, Нидерланды да біздің шашпалыққа жете алар емес. Бірақ әлемдік спорт рейтингінде Қазақстан 2014 жылы 25-орында болса, 2023 жылы 42-орында тұсып қалды. Мұның басты бір себебі, спорт түрлерінің сараланбауы. Мәселен, жоғары жетістіктер спорты ретінде қаржыландырылатын бағыттардың 60%-ы Олимпиадалық емес. Бірақ олар бюджеттен ауқымды ақша алып келеді.

Мәжілісте қаралып жатқан «Спорт туралы» заң жобасында біз осы олқылықты тоқтату үшін жоғары жетістіктер спортының нақты анықтамасын жазып, бекіттік. Яғни, енді жоғары жетістіктер спортына – Олимпиада, параолимпиада, сурдлимпиада, азия, параазия және ұлттық спорт түрлері ғана енеді. Бұл бүгінге дейін тіркеліп кеткен 180-нен астам спорт түрін 3 есе қысқартуға мүмкіндік береді.

Осы тұста бюджеттің бүйірін теспей сорып үйренгендер ақпараттық шабуылға көшіп, мемлекет спортқа ақша бөлуі тоқтатып саланы тұралатып тастамақ деген жалған айыптаулар таратумен әлек. Біз тек жемсауы асауды білгенмен, спорттық жетістік жасауды білмейтін салаларға бүгінге дейін бөлініп келген есепсіз ақшаның жолын кесуді мақсат тұттық. Мәселен, соңғы 6 жылда 49 млрд теңге алған «Барыс» хоккей клубы, соңғы 6 жылда 50 млрд теңге алған «Астана» футбол клубы сынды командалардың әр тиын үшін есеп беретін күні тууы тиіс. Осыныша ақша алғанына қарамастан, аталған командалардың өз инфрақұрылымдары жоқ, салмаған. Бір ғана «Астана» футбол клубы алты жыл ішінде тек футбол алаңдары мен ғимараттарды жалға алуға 1,4 млрд теңге жұмсаған.

Осы тұста кей спорттық ұжымдар жауапкершіліктен сытылу үшін қаржыны бюджеттен емес, квазимемлекеттік сектордан алдық деген ақпарат айтады. Мысалы, 2023 жылы «Ақтөбе» футбол клубы 1,8 млрд теңге қаржы алса, 2024 жылы 3,6 млрд теңге қаржыландырылған. «Астана» футбол клубының 2023 жылы алған қаржысы 5,2 млрд теңге болса, 2024 жылы 5,3 млрд теңге жеткен. «Женіс» футбол клубы 2023 жылы 500 млн теңгеге алса, 2024 жылы 1,5 млрд теңгеге қаржыландырылған. «Ордасы» футбол клубының алған қаржысы 2023 жылы 5,6 млрд теңге, 2024 жылы 5,3 млрд теңге болған. Жалпы 2024 жылы Қазақстандағы 13 футбол клубын қаржыландыруға 27,3 млрд теңге жұмсалған. Бұған 2023 жылдың өзінде «Спорт қоры» 6 млрд теңге алған «Астана» велокомандасымен, 1,3 млрд теңге

алған «Астана» баскетбол клубын қосыңыз.

Айта берсем ақпарат өте көп, сәйкесінше спортқа бөлінетін қаражатты шектеу туралы шешімнің дұрыс екенін, ал бүгін байбалам салғандардың түпкі мүддесі не екенін анық аңғаруға болады. Осыныша ақшаның біраз бөлігі легионерлерді ұстауға жұмсалатыны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мәлімдеді. Мұны тоқтату үшін Мәжілісте Қазақстан Республикасының азаматы боп табылмай спортшыларды мемлекеттік бюджет есебінен де, квазимемлекеттік бюджет есебінен де қаржыландыруға тыйым салынады деген норма қылданды. Сәйкесінше, бұл миллиардтар алып үйренген клубтардың табетін тоқтатауы тиіс. Шетелдік спортшыны әкелуден бөлек, оларға азаматтық беру ісі де елде белен алды. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан 126 шетелдік спортшыға азаматтық берген, бірақ олардың әрбір екіншісі кейін өз еліне қайтып кеткен. Бұл мәселені Мемлекет басшысы да қатаң сынға алған болатын.

«Спорт туралы» заңды халықтың мүддесі үшін қарап, түзетіп жатқан Мәжіліс пен Туризм және спорт министрлігіне ақпараттық шабуыл жасағандар «бұл заң бұқаралық спорт пен балалар спортының қаражатсыз қалдырады» деген ақпарат таратуға көшіпті. Бұл да жалған. Қазақстан жоғары жетістіктер спортына 340 млрд теңге жұмсап, бұқаралық спортқа 35 млрд теңге ғана жұмсаған, яғни 9 есе аз. Сондықтан қазір Мәжілістегі спорт туралы заң жобасында бюджет қаражатының нақты қай бағытқа жұмсалатыны жазылған, сол нормадан бұқаралық спорт бірінші боп тұр.

Бұдан бөлек, кей федерациялардың заң жобасы енді спорт түрлерін шектейді дегені де шындыққа жанаспайды. Себебі заң жобасында 1 федерацияда 1 спорт түрі ғана болады деп жазылды, бұл бір жүйені қалыптастыру үшін керек. Себебі кей федерациялардың құрамына 5-10 спорт түрі тіркеліп кеткен.

Күрметті әріптестер, қазір дұрыс шешімге қарсы тараптар мәселені ақпараттық шабуыл арқылы ұшықтыруды әдетке айналдырған. Ең сорақысы, сол шабуылдың ақшасын бюджеттің есебінен төлейтіндері бар. Біз көпке топырақ шашпаймыз, бірақ бюджет ақшасын аямай асап келгендердің қайсысы, кім арқылы, қандай ақпараттық шабуыл жасап жатқаны бізге аян.

Осы тұста, Туризм және спорт министрлігі заң жобасына қатысты түсінідіру жұмыстарын көбейтуі қажет.

Мәдениет және ақпарат министрлігі жалған ақпарат таратып елді дүрліктерген ақпарат құралдары мен интернет қолданушыларға тиісті шара қолдануы қажет.

Спорт федерацияларының ақпараттық жұмысқа қанша қаржы жұмсайтынын тексеру керек.

Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтеміз», – деді депутат.

ҚОҒАМ

23 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



ҚАЗЫНА ТАҒЫ ДА ҚАРЫЗБЕН «ТОЛЫҚТЫ»

жыгерлер қауымдастығы сарапшыларының есептеуінше, 2024 жылдың тоғыз айында республикалық бюджетке түсетін салық жоспары тек 52%-ға орындалған. Демек, осы кезеңдегі нақты тапшылық – 52%. Абсолюттік мәнде бұл 8,1 трлн теңге кіріс деп есептесек, жоспарлы деңгейден 2,5 трлн теңгеге төмен.

Негізгі салық түрлері бойынша түсімдер азайған. Әсіресе, ҚКС бойынша жинау деңгейі өте төмен, яғни барлық салықтардың 44%-ы ғана жиналған. Қауымдастық сарапшыларының пікірінше, ҚКС мөлшерлемесін қайта қарамай, өзін-өзі ақтауға қол жеткізу «өте қиын». Сонымен қатар тіпті 1,3 трлн теңге қосымша түсім болған жағдайда да, корпоративтік табыс салығын (КТС) саралау және кейбір жеңілдіктерді алып тастау

бойынша 185 млрд йен қарыз алды. Бұл қаражат инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалмақ.

Мемлекеттік қарызды көптеп тарту қарызды өтеу мен қызмет көрсетуге арналған шығындарды да (3,7 трлн теңгеден 4,3 трлн теңгеге дейін) арттыруда. Бұл мемлекеттік қаржының ұзақмерзімді тұрақтылығына және елдің егемендік рейтингтеріне теріс әсер етеді. Halyk Finance сараптама орталығының мамандары 2024 жылдың алғашқы алты айындағы Қазақстанның шоғырландырылған бюджетіне арналған есебінде мемлекеттік қарыздың негізгі бөлігі тұрақты мөлшерлемелі ұзақмерзімді міндеттемелерден тұратыны айтылған. Елімізде тұрақты мөлшерлеменен шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздардың

мақсатындағы «амбицияның» артуына негіз болған.

Сарапшының сөзінше, 2024 жыл Қазақстан үшін үлкен әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық шиеленістермен есте қалды. Қаңтар оқиғасы мен кейінгі саяси жағдай үкіметтің халықтың сенімін арттыру үшін әлеуметтік бағдарламаларды күшейтуіне ықпал етті. Сонымен қатар экономикада ЖІӨ-ні екі есеге арттыру мақсаты қойылды. Алайда мұндай өршіл мақсат жылына 5-6% ЖІӨ өсімін қажет етеді. Қазір мұнай өндіруді арттыру мүмкіндігі таусылғандықтан, ел Үкіметі кен орындарын кеңейтуге тәуелді болып отыр.

«Бюджет дағдарысына әсер еткен екінші жүйелік фактор – бюджет ережелерін сақтамау», – дейді экономистер. Үкіметтің фискалдык саясатына сәйкес, мұнай бағасы өскенде шығыстарды ұлғайтып, Ұлттық қордан трансферттерді азайту қажет, ал кіріс азайған кезде шығыстарды қысқартуып, трансферттерді арттырмауды талап етеді. Алайда соңғы жылдары мұнай нарығындағы қолайлы жағдайға қарамастан, Үкімет бұл ережелерді сақтаған жоқ. Нәтижесінде, кірістің жоғары болғанына және мұнай бағасының салыстырмалы түрде тұрақты болуына қарамастан, шоғырландырылған бюджет профицитке жеткен жоқ.

Мәселен, Halyk Finance сарапшыларының болжамына сай, «жоспарлау мен фискалдык ережелерді сақтамау комбинациясы мұнай бағасы жоғары және мұнай өндіру артып жатқан кезеңде де мемлекеттік шығыстар мен Ұлттық қордан трансферттер жоғары деңгейде қалады». 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында мемлекеттік шығыстардың 10,1%-ға өсуі, ал 2025 жылы Ұлттық қордан трансферттердің жылдық көлемінің 5,25 трлн теңгеге дейін артуы жоспарланып отыр. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 2 трлн теңгеге жоғары.

Сондықтан сарапшылар бюджеттік және салықтық кодекстерге түбегейлі өзгерістер енгізу қажеттігін атап өтеді. Halyk Finance аналитиктері «қазіргі уақытта жасалып жатқан «косметикалық» түзетулер қаржы жүйесіндегі дағдарысты шешуге көмектеспейді, керісінше, жағдай одан әрі нашарлауы мүмкін» деген қорытынды жасайды.

(Басы 1-бетте)
А **Кәмила ДҮЙСЕН**

Әрине, экономикалық тұрғыда бюджет тапшылығы – өлетпейтін құбылыс. Мысалы, АҚШ бюджетіндегі тапшылық 2024 қаржы жылының 30 қыркүйегінде ЖІӨ-нің 6,4%-ын құрады (бір жыл бұрын 6,2%). Бұл көрсеткіш 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 8,1%-ға өсіп, 1,8 трлн АҚШ долларына жетті. АҚШ үкіметі жағдайды бақылауда ұстап отырғанымен тапшылық негізінен тек үкімет мүшелерін алаңдатуда.

Сол секілді елімізде де соңғы жылдары республикалық бюджет тапшылығы артып келеді. Бұл тапшылық біршама жеңіл және тұрақты деңгейде сақталған. Тек 2023 жылдан бастап бюджет тапшылығы күрт өсе бастағанын көреміз. Мысалы, 2024 жылы Қазақстанның Ұлттық қорынан алынған қаражат 6,1 трлн теңгеге жетіп, таза түсімдерден 1,6 есе асып түсті.

Қаржы министрлігі ұсынған мәліметке сәйкес, жыл басында Ұлттық қорға түскен түсімдер, оның ішінде инвестициялық табысты есептегенде, 8,8 трлн теңгені құраған. Ал қордан алынған қаражаттың жалпы көлемі 5,62 трлн теңгеге жетті. Бұл есепте «Қазатом-

өнеркәсіп» акциялары арқылы Ұлттық қордан бюджетке 467 млрд теңге бағыттау операциялары көрсетілмегенін атап өткен жөн. Осылайша, былтыр Ұлттық қордан бюджетке жалпы алынған қаражат көлемі 6,1 трлн теңгеге жетті. Қаңтар-желтоқсан айларындағы түсімдердің өсуіне инвестициялық табыстың қосқан үлесі айтарлықтай болды, ол 5,0 трлн теңгені құрап, таза түсімдерден 1,1 трлн теңгеге артық болды. Ал инвестициялық табыссыз қаражат көлемі 3,8 трлн теңгені құрап, алынған қаражаттан 2,2 трлн теңгеге төмен болды.

Өткен жылы алынған 6,1 трлн теңге қаражаттың ішінде кепілдендірілген трансферттер 2 трлн теңге, нысаналы трансферттер 3,6 трлн теңге, «Қазатомөнеркәсіп» акцияларын сатып алу 467 млрд теңге, ал басқару шығындары 21 млрд теңгені құрады. Бюджеттік дағдарыс пен Үкіметтің экономикалық өсімді 5-6% деңгейіне жеткізу жоспары аясында, сондай-ақ кіріс жоспары өз деңгейінде орындалмағандықтан, Ұлттық қордан рекордтық қаражат жұмылдырылды.

Мамандар мұндай тапшылықтың өсуіне мемлекеттік шығыстардың айтарлықтай артуы мен бюджет түсімдерінің төмендеуі әсер еткенін алға тартады. Қазақстан қар-

Қаржы министрлігі ұсынған мәліметке сәйкес, жыл басында Ұлттық қорға түскен түсімдер, оның ішінде инвестициялық табысты есептегенде, 8,8 трлн теңгені құраған. Ал қордан алынған қаражаттың жалпы көлемі 5,62 трлн теңгеге жетті.

бюджет тапшылығының орнын өтей алмайды. Ал жергілікті бюджеттер бойынша салық жинау деңгейі жоғары болғанымен, олардың динамикасы республикалық бюджет тапшылығын жаба алмайды.

Қазіргі таңда Үкімет бюджетке түсетін тұрақты қаражат көзін сыртқы және ішкі қарыздарды көбейту арқылы шешуде. 2024 жылдың қазан айының басында мемлекеттік қарыздың жалпы көлемі 32,2 трлн теңгеге жеткен. Сыртқы қарыз және мемлекеттік кепілдендірілген сыртқы қарыз бойынша жоғары өсім байқалды. Бұл солмалар – 2024 жылдың қазан және қараша айларында алынған қарыздарды есептемегендегі көрсеткіштер. Атап айтқанда, үкімет осы уақытта Халықаралық қайта құру және даму банкінен, Азия даму банкінен және Азия инфрақұрылымдық жобалар банкінен 0,5 трлн теңге немесе қарыз валютасы

табыстылығы 13%-дан жоғары, бұл елдің қарыз алу шығындарының өте жоғары екенін көрсетеді. Сәйкесінше, ол бюджеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін, себебі мемлекеттік қарыздың өтелуі ұзақ уақыт бойы үлкен қаржылық міндеттемелерді қажет етеді.

Экономист Ғалымжан Айтқазин FitchItoG арнасында бюджет дағдарысының себептерін талдай келе, басты себептердің бірі деп бюджеттің параметрлері болжамының әлсіз екенін алға тартқан болатын. Сондай-ақ бұл «үкіметтің осы жылдарға арналған мақсаты мен болжамдарындағы мәселелерден туындап отыр», – деді ол. Айтқазиннің пікірінше, 2022 жылы геосаяси шиеленістің күшеюі және шикізат тауарларының, соның ішінде мұнай бағасының күрт өсуі Үкіметтің әлеуметтік және экономикалық

АПАТТЫ ҮЙЛЕР – АЛМАТЫНЫҢ «БАС АУРУЫ»

Тұрғын үй құрылысының сапасы, апатты жағдайдағы үйлер тақырыбы – Алматыда әлі күнге дейін күйіп тұрған мәселе. Қазіргі уақытта қалада қауіпті деп танылған 1366 үй бар. Бұл дегеніміз – шаһарда 43 мыңнан астам адам тозығы жеткен үйде күн көріп келеді деген сөз.

А **Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
Алматы қаласы

Дегенмен өңірде мәселенің түйінін тарқатуға бағытталған бағдарламалар да жоқ емес. Соның бірі – қалада ескірген үйлерді қайта жаңарту үшін реновация бағдарламасы қолға алынған. Реновация дегеніміз – тозығы жеткен нысандарды сүріп, ғимаратты қайта құру, жаңарту процесі. Бұл ескі үйлердің орнына заманауи инфрақұрылымдар салуды және тұрғындардың қолайлы ортада өмір сүруін қамтиды. Алматы қаласы әкімдігінің дерегіне сүйенсек, бағдарлама аясында ең алдымен сейсмоқауіпті деп танылған ғимараттар, яғни тектоникалық қауіпті аумақта бой көтерген үйлер сүріледі. 2025 жылға жоспарланған шараларға назар аударсақ, тиісті органдар биыл реновация бағдарламасы негізінде қалада 37 ескі үйді бұзуды, 400-ге жуық тұрғынды жаңа пәтерге қоныстандыруды көздеген. Қала әкімдігі нысандарды сүру және тұрғындарды көшіру жұмысы меншік иесі келісімін берген жағдайда ғана жүзеге асырылатынын алға тартты.

Реновация ұғымының анықтамасын жоғарыда атап өттік. Ал ескі үйлерді жаңарту немесе қайта құру ісі қалай жүзеге асырылуға тиіс? Реновация процесі қандай мүдделерді қамтиды? Қазақстан қалаларында қолжетімді тұрғын үй мәселесін шешу үшін қандай урбанистикалық шешімдер ұсынылады? Мегалополистің түрлі аудандарында орналасқан тұрғын үй сапасын бағалау үшін ашық рейтингтік жүйе енгізу қажет пе? Осы және өзге де сауалдарды урбанист маман, Urban Living ЖШС бас директоры, Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның мүшесі, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Гүлмира Байғабұловаға қойып көрдік.

– Реновация бағдарламасын әзірлеу кезінде біз мемлекет тарапынан қатысу векторын анықтауға тырыстық. Ең біріншіден, реновация – меншік иелері мен құрылыс салушылар арасындағы келісімшарттық процесс. Мемлекеттік органдар тек медиация қызметін атқарып, жұмысқа қолдау көрсетеді. Сондай-ақ мемлекет апаттық үйлерде тұратын азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында реновация процесіне араласады. Реновация процесі күрделі және көпқырлы болғандықтан, жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қамтиды. Соның ішінде әрқайсысына тоқталып өтер болсақ, жеке мүдделер тобына негізінен жылжымайтын мүлік иелері кіреді. Олар реновация процесінен барынша пайда тапқысы келеді. Бұл топқа кіретін жылжымайтын мүлік иелерінің негізгі мүдделері – жылжымайтын мүлік құнының өсуі және сату арқылы пайда табу, тұрғын үй жағдайын жақсарту және жаңартылған үйлерде өмір сүру жайлылығын арттыру, тұрғын үйдің энергия тиімділігін көбейту арқылы шығындарды өңтайландыру. Ал қоғамдық мүдделер жергілікті қауымдастықтың қажеттіліктерімен байланысты. Олардың мүддесі – халықты, соның ішінде осал топтарды баспанаман қамтамасыз ету, сонымен қатар құрылыс арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, экономиканы дамыту, ескі ғимараттарды жою және жаңа, заманауи әрі функционалды ғимараттар салу, – деді ол.

Үшіншісі, мемлекеттік мүдделер тобының қызметі қаланың даму жағдайын реттеу ісімен байланысты. Атап айтсақ, тұрғын үй құрылысы және баспанаман қамтамасыз ету саласындағы ұлттық саясат мақсаттарына қол жеткізуге көмектесу, реновация процесін реттеу және жобаны жүзеге асыру кезінде қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз



Сурет ЖІӨ-нің көмегімен жасалын

ету, реновация кезінде баспанасынан айырылу қаупі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз ету. Маманның сөзінше, кей жағдайда жоғарыда аталған мүдделердің арасында тепе-теңдік сақталмауы мүмкін. Бұл ретте маман реновация процесінде барлық тараптың мүдделерін ескере отырып, жағдайды мұқият талдап, нақты бір ұмыраға келуге тиіс екенін, сондай-ақ азаматтардың баспанасын сақтау кепілдігін бекіту маңызды екенін атап өтті.

– Расында, біз үшін реновация ұғымын анықтау өте маңызды болды. Бұл жөнінде біз ұзақ ойландық. Реновация бағдарламасын әзірлеу кезінде бізге заңгерлердің кәсіби қолдауы қажет еді. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің №2 комиссиясындағы заңгерлермен бірге шетелдік тәжірибені зерттедік. Нәтижесінде, реновация ұғымы мен құжат құрылымы қалыптасты. Реновация бағдарламасының негізгі принциптері мынадай: бағдарлама өмір сүру ортасын жаңартуға, азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға, қоғамдық кеңістікті дамытуға және тұрғын аймақтарды абаттандыруға бағытталған. Бағдарламаға енетін тұрғын үйлер қосымша ретінде бекітіледі. Қосымша мәтіні жыл сайын жаңартылады. Бағдарлама төтенше жағдайлардан зардап шеккен үйлерге қолданылмайды. Мұндай жағдайда бөлек құжат қарастырылады, – деді маман.

Гүлмира Масабайқызының сөзінше, реновация бағдарламасының аясында

әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз ету талаптары сақталуға тиіс. Десек те, кейде тұрғын үй құрылысы кезінде негізгі талаптар назардан тыс қарып қалады.

– Инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – тұрғын үй реновациясының ажырамас бөлігі. Көп жағдайда тұрғын үй құрылысы аяқталғанымен, инженерлік желілер толық дайын болмай жатады. Осыған байланысты тұрғын үйлер пайдалануға берілмейді. Салдарынан тұрғындар жаңа үйіне қоныс аудару үшін бірнеше жыл күтуге тура келеді. Бұл дұрыс емес екенін айтқым келеді. Себебі тұрғын үй құрылысы, инженерлік инфрақұрылым мәселесі алдын ала қарастырылуға тиіс, – деді Г.Масабайқызы.

Сондай-ақ маман еліміз бойынша тұрғын үй құрылысы саласындағы негізгі мәселелерді атап өтті. Оның айтуынша, тұрғын үй сапасына әсер етуші негізгі факторлар – жобалардың сапасыз орындалуы, құрылыс материалдары сапасының төмендігі, инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы мен құрылыс жұмысының орындалуына бақылаудың жеткіліксіздігі. Одан бөлек, Гүлмира Масабайқызы қаланың түрлі аудандарындағы тұрғын үй сапасын бағалау үшін ашық рейтингтік жүйе енгізу қажет деген пікірмен келісетінін жеткізді.

– Иә, ашық рейтингтік жүйе тұрғын үй құрылысының сапасын бақылауда тиімді құрал болар еді. Бұл жүйе тұр-

ғындарға объективті ақпарат беріп қана қоймай, құрылыс компаниялары арасындағы бәсекелестікті арттырып, тұрғын үй сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Алайда рейтингтердің субъективтілігіне жол бермеу қажет. Рейтинг әділ, ашық және объективті болуға тиіс. Тағы бір атап өтетін жайт, елімізде сейсмикалық тұрақтылық стандарттары жоғары болғанымен, көбіне тұрғын үй құрылысын жобалау және салу кезінде мұндай стандарттар сақталма бермейді. Сондықтан құрылыс материалдарының сапасы мен нысандардың орналасуын қатаң бақылау қажет. Сейсмикалық қауіптерді ескере отырып, қала құрылысын жоспарлау процесін жетілдіру қажет, – деді Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның мүшесі Г.Байғабұлова.

Естеріңізге салайық, былтыр қараша айында 2030 жылға дейін тұрғын үйді реновациялаудың жаңа бағдарламасы бекітілген еді. Алматы қаласы әкімінің мәлімдеуінше, бағдарламаның негізгі ережесі – кварталдық салу. Нақтырақ айтсақ, тозығы жеткен тұрғын үй иелеріне «бөлмеге бөлме» нормасы бойынша айырбастау немесе нарықтық құны негізінде компенсация алу мүмкіндігі беріледі. Бағдарлама аясында 2024 жылы Алматы қаласында 31 ескі үй сүріліп, 539 азамат жаңа пәтерге көшті. Енді 2030 жылға дейін шамамен 676 үйді қайта жаңарту жұмысын іске асыру жоспарланып отыр.

Биыл Парламент газды үнемді тұтыну жөнінде ел тарихында болмаған жаңа заң қабылдамақ. Құжат Мәжілісте талқыланып жатыр. Депутаттардың ашық айтуынша, ол газ бағасының көтерілуіне әкеледі. Себебі газды тұтыну көлемі қарқынды өсті. Ал геобарлау жұмыстарының жете қаржыландырылмауы, белсенді жүргізілмеуі, жаңа газ өңдеу зауыттарының салынбауы, басқа да факторлар салдарынан газ тапшылығы күшейді. Сондықтан мемлекет оны үнемді тұтынуға ынталандырды мәжбүрлеу тетіктері арқылы жүзеге асырмақ.

ГАЗЫ ЖОҚТЫҢ НАЗЫ КӨП

Парламенттің дерегінше, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Е.Жанбыршин, Е.Смышляева, С.Мусабаев әзірлеген «Кейбір заңнамалық актілерге газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын Мәжіліс 2024 жылғы 19 маусымда жұмысқа қабылдап алыпты. Заң сол жылы мақұлданады деп күтілген. Алайда заңды қабылдау 2025 жылдың желтоқсанына ысырылғаны белгілі болды.

және автоматтандырады. Үшіншіден, жеке газ тарату ұйымдарының қызметін мемлекеттік реттеу ұсынылады. Төртіншіден, тариф қалыптастырудың жаңа әдістері енгізілмек, — деді Еділ Терекбайұлы.

Бесіншіден, газ саласы бойынша ұлттық оператор QazaqGaz компа-

бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына» сәйкес, тауарлық газды тұтынушылардың 11 тобы бар. Ұлттық экономика министрлігі осы 11 тұтынушы тобы үшін тауарлық газдың бөлшек бағасын газдың өзіндік құнынан да төмен етіп бекітті. Бұл газ саласын дамытуды, оның ресурстық базасын ұлғайтуды, газ тасымалдау жүйесін, яғни құбырлар жүйесін өрістетуді ынталандыруға мүмкіндік бермейді, — деді депутат Еділ Жанбыршин.

Бұған қоса, заң авторлары газ тұтынушылардың жекелеген санаттары үшін бағаны ұстап тұру мақсатында Үкіметтің тоғыспалы субсидиялауды жалғастыруына екіпін түсірді. Яғни, бір топ, мысалы, бизнес басқа топты, тұрғындарды субсидиялайды. Депутаттар мұны әлеуметтік әділеттілік емес, нарықтағы олықлық санап, оны «түзетуге» ниетті.

— Жаңа заң жобасында ұсынылып отырған норма тұтынушылардың 5 санатын жалғыз, бірыңғай санатқа біріктіруді және ол үшін газдың ақырғы бағасын бекітуді қарастырады. Ол баға газдың өзіндік құны деңгейінде болады, одан төмен болмайды. Сондай-ақ осы біріктірілген санат үшін баға белгілеу

өкілеттілігін Энергетика министрлігіне беру ұсынылады. Сөйтіп, тұрмыстық тұтынушылар, коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар, сондай-ақ тауарлық газды халыққа арнап жылу энергиясын өндіруге пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар үшін көтерме және бөлшек бағаларды бекіту өкілеттігі

Жұбанов сала бәрібір жаңғыруға зәру екенін айтады.

— Бұл проблема кеше не бүгін емес, кемі 25 жыл бұрын басталған жағдай. Өкінішке қарай, қазіргі Үкімет бұрынғы үкіметтердің кәте саяси-экономикалық шешімдерінің салдарын тартып отыр. Ұзақ жыл бойы бағасы қымбат мұнайдан түскен ақшаның буын көтере алмаған секілдіміз. Сол мол қаражат бюджетті балағынан кері тартатын сән-салтанатты жобаларға, неше түрлі шараға жұмсалды, одан қалса ұрланып-жырланды. Осылай жүріп уақытты босқа өткізгеннің кесірінен еліміздің жартысына жуығы бүгінгі күні газбен қамтылмады. Мұнай мен газ үстінде отырып, бірде-бір жаңа газ өңдеу зауыты салынбады. Қолданыстағы инфрақұрылымның тозығы жетті, — деді Ә.Жұбанов.

Былтыр депутаттар бюджеттің шығыстарын қайта қарау есебінен 2025 жылы халықты газбен қамту мәселесін шешуге, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды үш есе ұлғайтуға, тұрғын үй салуға қосымша жалпы сомасы 100 миллиард теңге бөлгізе алды. Бірақ салада жылдап қордаланған мәселелерді шешуге бұл да жұқ болмайтын көрінеді.

— Таяу жылдары QazaqGaz-дың шетелге сататын көгілдір отынының экспорты минимумға дейін құлдырайды. Өйткені ішкі нарықта тұтыныс өсіп барады. Бұл оған ары қарай газ бағасын ұстап тұруға мүмкіндік бермейді. Себебі компания шетелге жоғары бағаға газ экспорттаудан түскен табысы есебінен сол газды еліміздегі тұтынушыларға өзіндік құнымен жеткізу шығындарын өтейді. Елді тұрақты газбен қамтуды сақтап қалу үшін қолданыстағы көтерме бағалар мен өзіндік құн арасындағы айтарлықтай айырмашылықты 3 жыл ішінде қысқартуымыз қажет, — деді Энергетика министрлігінің сарапшылары.

Заң қабылданғанда газдың көтерме бағасының бір мезгілде күрт жоғарылауын болдырмау үшін тауарлық газдың шекті көтерме бағаларын жылына 2 рет, бөліп көтеруге рұқсат етілмек. Сонда «бағаны күрт емес, кезен-кезеңмен көтерілуі қамтамасыз етіледі».

Ал «баға көтерілісінен» тұрмысы онсыз да төмен бұқара қатты зардап

Батыс Қазақстан облысында атаулы әлеуметтік көмекті және тұрғын үй көмегін алуға мәртебесі бар азаматтарға «Әлеуметтік әмиян» арқылы тауарлық газға тағы да қосымша жеңілдік беріле бастады. Жеңілдік мөлшері газға есептелген соманың 24%-ына дейін жетуі мүмкін.

Сонымен бірге ұлттық компанияның өзі газды өндірушілерден нарықтық бағамен сатып алатын көрінеді. Жер қойнауын пайдаланушылар мұнайға ілесіп шығатын көгілдір отынның үлкен бөлігін алауларда босқа жағып жатады. Алайда олар соны тұтынушылардың барлық топтары үшін жеңілдікті көтерме бағамен сатуға міндеттелмеген болып шықты.

— Осыған байланысты QazaqGaz Аймақ тауарлық газды өткізуден алынбаған табыс айырмашылығы көлемінде шығын шегіп жатыр. Алынбаған табысты ол тұрақты, үздіксіз және апатсыз өндірістік циклды ұстап тұруға бағыттай алатын еді. Мысалға, 2023 жыл қорытындысында атаулы әлеуметтік көмекті және тұрғын үй көмегін алатын 177 764 азамат тауарлық газды субсидияланған баға бойынша алды. Тұтыну көлемі жылына 32,3 миллион текше метрді, шығыны 174,6 миллион теңгені құрады», — деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Ведомство жылу-энергетикалық кешендердің жеткізілген газ ақысын уақытылы төлеуі жыл сайын қайталанатынына назар аударды. Тұтынылған газдың төлемін 2-3 ай кешіктіріп аударды. Салдарынан газ жеткізушіде салықтарды төлеуге, контрагенттермен, өнім жеткізушілермен есептесуге, сондай-ақ газ беру жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге ақшасы жетпей қалатын кездер болады екен. Сол себепті депутаттар QazaqGaz компаниясына да субсидия сұрап отыр.

Бір жыл ішінде апаттық-диспетчерлік қызметтерге газ құбырларында, жабдықтарында, абонентте апатты жағдай туындағаны туралы 71 230 шағым түсіпті. 428 апат болған.

Жаңа заң қабылданған соң бұқара мен бизнес газ есептегіштерін өз ақшасына ауыстыруға мәжбүрленуі мүмкін. Себебі заң жобасында ұсынылғандай, бұдан былай есептегіштер деректерді қашықтықтан беруді қамтамасыз етуге және Еуразиялық одақтың техникалық регламенттері мен ұлттық стандарттарға сай келуге тиіс. Осы орайда жеке тұлғалардың үйінде 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін орнатылған және деректерді қашықтықтан беруді қамтамасыз етпейтін есепке алу аспаптарының пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін тұратыны айтылды. Ал заңды тұлғалардан 2025 жылғы желтоқсаннан кешіктірмей жана есептегіш орнату талап етілуі мүмкін. Мұның да газды ысырап етпей, үнемді пайдалануға ықпал ететіні айтылды.


Бұдан бөлек, Үкімет біріншіден, газ тасымалдау және газ тарату жүйелерін цифрландыру үшін өнеркәсіптік тұтынушылардың да «газды есепке алудың механикалық аспаптарын» «телеметрия функциясы бар газды есепке алу аспаптарына» ауыстырады. Екіншіден, газбен жабдықтаудың технологиялық объектілерінде газ шығынының, босқа ағып кетуінің санын, сипатын анықтау үшін жаппай тексеру жүргізбек. Үшіншіден, халықтың газ тұтынуын анықтайтын талдамалық жүйе, портал іске қосылады. Сонымен қатар халық арасында газды барынша аз, ұтымды пайдалануға үндейтін түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Бүгінде елдің ішкі тұтынуы мен ұлттық энергетикалық балансының құрылымында газ екінші орынға шықты, оның үлесі 24%-ға жетті. Көмір және басқа органикалық отынмен салыстырғанда, газ экологиялық тазасанаалады. Сондықтан декарбонизация саясаты, өңірлерді газдандыру, ел экономикасының өсуі аясында алда оның тұтыну құрылымындағы рөлі мен үлесі тек артады.

Алайда ОПЕК-тің ОПЕК Annual statistical bulletin есебінде айтылғандай, соңғы онжылдықта Қазақстанда газдың минералдық-шикізат базасы нашарлады, қоры азайды. Газ қорларын ұлғайту, өндірілген қорын жаңа ашылған кен орындарымен өтеу үшін жер қойнауын пайдаланушылар геологиялық барлау бағдарламасын іске асырады, айткенмен, Энергетика министрлігі инвесторлардың орындаған жұмыстарының көлемі тым жеткіліксіз болып қалады дейді.

Сондықтан жер қойнауын пайдаланушыларды геологиялық барлауды қаржыландыруға көндіре алмаған шенеуініктер тұйықтан шығар жолды тұтынушыларды газды неғұрлым аз және үнемді қолдануға илкітіруден көріп отырғанға ұқсайды.

Елдос СЕНБАЙ



Елнар ҚАБА (KOLAN.KZ)

— Аталған заң жобасына Парламент депутаттары бастамашы болды. Құжат Үкіметте қаралды. Ұсынылған түзетулер Конституция ережелеріне және қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келмейді. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін реттеуді қатаңдатуы көздемейді. Мәжіліс депутаттары 32 түзетуге бастама жасады. Соның ішінде Үкімет 14 түзетуді қолдайды, 13 түзетуді ішінара қолдайды, 4 түзетуді қолдамайды және 1 түзету бойынша Үкіметтің ұстанымы реттеушілік әсерге талдау жүргізілгеннен кейін берілетін болады», — деді Премьер-Министр Олжас Бектенов.

Бұл ретте Үкімет пен Мәжіліс арасында «ішінара келісім» орнаған, ендіше заңмен бірге қолданысқа енгізілу мүмкіндігі жоғары баптарды ғана сараптаған ләзім.

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, депутат Еділ Жанбыршин бұл жобаны «Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау үшін» жазғандарын айтады.

— Заң жобасында газ саласының келесі мәселелері бойынша түзетулер қарастырылған: біріншіден, тұтынушыларды газды ұқыпты тұтынуға ынталандырады. Екіншіден, газды ішкі нарықта сату кезінде оны есепке алудың ашықтығын қамтамасыз етеді

ниясына жаңа құзырлар берілуі мүмкін. Мысалы, ол тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін салуды жобалауға арналған тапсырмаларды және олардың жобалық-сметалық құжаттамасын келісуге, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін салу жобаларын техникалық қолдауға ие болуы ықтимал.

САНАТТАР БІРІГЕДІ, ҚҰЗЫРЛАР БӨЛІНЕДІ

Қарапайым халықты алаңдататыны — «тұтынушыларды газды ұқыпты тұтынуға ынталандыру» шаралары болса керек. Заң жоба авторлары Президенттің өз Жолдауында монополистер жайлаған нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» атты жаңа тарифтік саясатқа көшуді тапсырғанына назар аударды. Сондықтан бір тұтынушыларға арналған баға басқалар үшін бағаны көтеру есебінен тежеп ұсталатын «тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан» бірте-бірте бас тартылмақ. Мұның сыртында, газ үшін тарифі көтерілетін санаттардың саны артады.

— Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы

Ұлттық экономика министрлігінің құзырында қалады. Ал бұл тұтынушылардың нормативтер мен қоғамдық шекті бөлшек бағаны бекіту құзыры Энергетика министрлігіне көшеді, — деп түсіндірді жоба авторлары.

Экономика министрлігінің құрамында монополистер мен қоғамдық маңызы бар нарықтар саласына жатқызылған қызметті бақылап, реттейтін, яғни бизнес пен бұқараның құқықтарын қорғайтын Табиғи монополияларды реттеу комитеті барын еске сала кеткен жөн. Мына заң оның салмақты өкілеттігін көбіне монополистердің сойылын соғатын Энергетика министрлігіне алып бермек.

БАҒА НЕГЕ КӨТЕРІЛЕДІ?

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ

Былтыр депутаттар бюджеттің шығыстарын қайта қарау есебінен 2025 жылы халықты газбен қамту мәселесін шешуге, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды үш есе ұлғайтуға, тұрғын үй салуға қосымша жалпы сомасы 100 миллиард теңге бөлгізе алды.

шекпеуі үшін «халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тауарлық газдың төмендетілген бағасының айырмашылығын атаулы-адрессті субсидиялау» туралы жаңа норма ұсынылды. Ал қолданыстағы тәжірибе бойынша тек кедейлерге емес, бүкіл халық үшін газ бағасы оператордың табысы есебінен арзандатылатын.


АЛПАУЫТ ТА СУБСИДИЯ СҰРАЙДЫ

Депутаттар QazaqGaz-ды да субсидиялауды сұрап отыр. Бұл оның кредиторлары мен контрагенттері алдындағы қарыздарын «сөндіру» үшін қажет көрінеді. Министрліктің дерегінше, QazaqGaz Аймақ АҚ халықты газбен үздіксіз қамту мақсатында оларға тауарлық газды жеңілдікті бағамен сатады. Бұдан бөлек, жаңа пилоттық жоба аясында Шымкент қаласы мен

КӨКЕЙКЕСТІ

23 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

АЛДАНҒАННЫҢ АЛДЫ – ЖӨН, АРТЫ – СОҚПАҚ



Jazera travel деген туристік фирма жүзден аса азаматты Меккеге апарамыз деп, уәдесінде тұрмаған. Турфирманың иесі Мейіржан Ырыскелді мобильді аударымдар арқылы адам басынан 450-500 мың теңге жинап алған. Бірақ қажылық та, қаражат та жоқ. Еліміздің әр түкпірінен жиналған азаматтар не ақшасын қайтара алмай, не Меккеге бара алмай, полицияға шағымданған.

Қажылыққа баруды мұрат тұтқандардың алаяқтардың арбауына түсуі бірінші рет болып отырған оқиға емес. Бұған дейін де Zam Zam Qazaqstan, Kausar Travel секілді туристік компаниялардың қулығына құрбан болғандар туралы БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жарияланған болатын. Бірақ Құдайдың да атын сатып, қалтасын кампайтқысы келетіндерге занның да, шариғаттың да үкімі жүрмейтін секілді.

Жәнділль БЕКЖІПТОВ,
КМДБ Қажылық бөлімінің меңгерушісі:

ДІНИ БАСҚАРМАНЫҢ ТУРФИРМАЛАР ҚЫЗМЕТІН ҚАДАҒАЛАУҒА ЗАНДЫ ҚҰЗІРЕТІ ЖОҚ



— Еліміздің бірнеше аймағынан жүзден аса азаматты ұмраға алып барамын деп ақша жинап, уәдесін орындай алмаған Jazera travel компаниясының басшысы Мейіржан Ырыскелді ешқандай діни қызмет атқармаған және мешітте наиб имам болып жұмыс істемейді.

Алматы облысының Іле ауданындағы «Сәбденұлы Өтеген батыр» мешітінің наиб имамы Марсель Тамашбековке Jazera travel компаниясының басшысы Мейіржан Бауырұлы ұмра сапарына ниет еткен жандарға дәріс өтіп беру жөнінде өтініш жасаған. Наиб имам діни құлшылықты түсіндіру мақсатында өтініштерін қабыл алып, екі рет сабақ өткізген. Дәріс соңы сұрақ-жауап негізінде жалғасып, наиб имам Jazera travel компаниясының қызметі жайлы білген ақпараттарымен де бөліскен.

Туристік фирмаға қатысты даулы мәселе құқық қорғау органдары тарапынан тексеріліп жатыр. Наиб имамның аталмыш мәселеге қатысы бар-жоғы анықталу үстінде. Осы ретте БАҚ өкілдерінен тексерілмеген мәліметтерді таратпауын сұраймыз.

Айта кетейік, соңғы кезде қоғамда ұмра сапарын ұйымдастырушы кейбір турфирмалардың күмәнді іс-әрекеттеріне қатысты шағымдар көбеюде. Осы орайда ұмраға баратын азаматтарға қызмет көрсету, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аталмыш турфирмалар жауапкершілігінде екенін еске саламыз. Қазақстан Республикасының сыртқы туризмді реттейтін тиісті заңнамасына сай ұмра сапарын топпен ұйымдастыру үшін міндетті түрде мемлекеттік лицензиясы болуы тиіс және әр ұмра жасаушыға туроператор тарапынан туркод берілуі қажет. Мұндай талаптар орындалмаған жағдайда ұмраны топпен ұйымдастыру ҚР заңдарына қайшы.

Осы ретте ұмраға апарушы турфирмалардың қызметін қадағалауға Діни басқарманың заңды құзиреті жоқ екендігін жеткіземіз. Сонымен қатар отандастарымызды ресми туроператорлық лицензиясы жоқ туркомпаниялармен ұмра сапарына бармауға шақырамыз.

Данияр ҚАСҚАРАУОВ,
Мәжіліс депутаты:

АДАМДАР ӨЗДЕРІ ҚЫРАҒЫ БОЛУЫ КЕРЕК



— Қажылыққа барамын деп ниет етушілер ең алдымен өздері қырағы болуы керек. Қазір алаяқтар бұл салаға да еніп кетті. Әлеуметтік желі арқылы жарнама беріп, қасиетті қалаға арзанға апарамыз деп жар салады. Жұрт соған сеніп, ақшасынан айырылуда.

Сондықтан қажылыққа барамын деушілер ең алдымен заңды жұмыс істейтін, ешкімнің ақшасын жемейтін, лицензиясы, тіркеуі бар тур фирмаларды таңдауы керек. Тіпті, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына хабарласып, қажылық сапарларды ұйымдастыратын туристік агенттіктердің тізімін, байланыс нөмірлерін алуға болады. Ал алаяқтықпен ақша алғандар заң алдында жауап береді.

Айман ОМАРОВА,
заңгер:

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ ҚАТАҢДАТҚАН ЖӨН



— Бұл алдымен қылмыстық іс ретінде тіркелуі керек. Сосын тергеу арқылы заң жүзінде шешілуі тиіс. Бұл жерде адамдардың Құдайға деген сенімін пайдаланып отырғандықтан, оның психикалық әсері екі есе болады. Ақшасынан айырылуы бір басқа да, қажылыққа қасиетті

сапарға барамын деп алданудың зардабы тіптен ауыр. Мемлекет тарапынан алаяқтық туралы бапқа өзгерістер керек пе, нақты алаяқтық істің құрамына қарау керек. Адамдардан алдап ақша алған адам ақшаны қайтара алмаймын, көп болса бірнеше жылға отырып шығармын деуі де мүмкін. Сондықтан жазалау тәртібін қатаңдату керек. Ол адам келешекте елден шыға алмауы, ұшақпен ұша алмауы, түрлі кәсіпкерлікпен айналыса алмауы керек дегендей шектеу шараларын да қарастырған жөн. Мемлекет заң үстемдігін қатаңдатып, жеке адамның және қоғамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын көздейтін мақсаттар мен міндеттер қоюы керек деп санаймын.

“

Бұл алдымен қылмыстық іс ретінде тіркелуі керек. Сосын тергеу арқылы заң жүзінде шешілуі тиіс. Бұл жерде адамдардың Құдайға деген сенімін пайдаланып отырғандықтан, оның психикалық әсері екі есе болады.

Абай МАУҚАРАҰЛЫ,
жазушы-журналист:

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРТЫНДА КІМ ТҮРҒАНЫ ДА МАҢЫЗДЫ



— Қазақстанда бүкіл жеке фирма, компаниялар заң бойынша тіркеуде болуға тиіс. Егер Jazera travel турфирмасы тіркеуде болса, онда алданған азаматтар оның иесін бірден сотқа беруге тиіс. Адамдардың берген ақшасын, айы, күні мен сағаты көрсетіп, бұлтартпайтын дәлелдер арқылы фирма иесінің

есепшотын бұғаттап, тексеру онша қиын шаруа емес деп ойлаймын. Бірақ бұған жән ұшынан жалғасқан сыбайластық араласқан болса, жемқорлыққа қарсы агенттік алаяқтардың ізін кесуге кірісуі тиіс. Әйтсе де, елдегі жемқорлықтың тамыры терең жайылғандықтан, мұндай қылмыстарды тектеп, тексеру де оңай болмайтыны белгілі.

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы — заң бойынша қоғамдық ұйым. Егер алданған адамдар куәгер ретінде ол мекемеге шағымданса, бәлкім бүкіл мешіт имамдары арқылы, бұндай алаяқтықтың мұсылман адам үшін ауыр күнә, ислам дінінде қатаң тыйым салынған әрекет екенін айтуға болатын шығар. Әйтпегенде, діни басқарманың өз тараптарынан шариғи үкім жасап, жаза қолданатын құзиреті жоқ. Себебі біздің еліміз құқықтық, заңдық, зайырлы мемлекет болып саналады. Ал егер осы турфирмаға КМДБ-ның қатысы болса, олар да заң алдында жауапқа тартылуы мүмкін. Алданған адамдар да ресми құзиреті жоқ көрінген біреуді аккөңілдікпен сене салған болса, әрине өздері де кінәлі ғой.

Дайындаған
Тлегүл ЕСДӘУЛЕТ

САЛАДАҒЫ САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРАДЫ

Атыраудағы жекеменшік балабақшаның бірінен шу шықты. Дәлдеп тұрып сәбидің аяғынан тепкен әйелдің бейнежазбасы қоғамда резонанс тудырып отыр. Оқыс оқиға Атыраудағы «Зейнеп-Әмина» балабақшасында тіркелді. Қазіргі уақытта тәрбиешінің жұмыстан қуылғаны белгілі болды.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

«Зейнеп-Әмина» жекеменшік балабақшалар желісінің директоры Гүлмайда Калханованың айтуынша, тәрбиеші М.Ө. балабақшаға 2018 жылы жұмысқа тұрған. Соңғы алты жылда оның тарапынан ешқандай өрескен қылықтар байқалмаған.

«Шынымды айтсам, өзіміз таңғалып отырмыз. Біз камераларды ата-ананың шағымы негізінде қарап шықтық. Бала аяғының ауырып тұрғанын және оны тәрбиешінің ұрғаны туралы анасына 15 қантар күні шағымданған. Камераларды қараған кезде жағдайды көріп, сұмдық оқиғаның қалай болғанына куә болдық. Қазіргі уақытта тәрбиеші М.Ө. жұмыстан босатылды», — деді балабақша директоры Гүлмайда Калханова.

Белгілі болғанындай, тәрбиеші — 28 жаста. Тұрмыс құрмаған. Баласы жоқ. Бұрын сотталмаған. Балабақшаға дейін колледжде жұмыс істеген. Директордың айтуынша, тәрбиешінің өзі жағдайдың қалай болғанын түсіндіре алмай отырған көрінеді. «Мен балалардан қатар-қатар бойынша шығуын сұрадым. Ал әлгі бала екінші қатардан жүгіріп шықты. Реакцияның не себепті олай болғанын өзім де білмей қалдым», — депті тәрбиеші.

Тағы бір айта кетерлігі, тәрбиешіден таяқ жеген сәбидің сол балабақшада тағы

екі бауыры тәрбиеленіп жатыр екен. Балабақша директоры баланың ата-анасынан кешірім сұрап, сол отбасының үш сәбиіне тегін қызмет көрсетуге дайын болған. Бірақ қазіргі уақытта зардап шеккен сәбидің ата-анасы барлық баласын әлгі балабақшадан шығарып алуға тырысып жатқаны белгілі болды.

Атырау облысы Полиция департаменті қазіргі уақытта тәрбиешіге қатысты қылмыстық іс қозғалып жатқанын хабарлады. «Зейнеп-Әмина» балабақшасының бірнеше филиалы бар және 700-ге жуық балаға қызмет көрсетеді, олардың 155-і мемлекеттік тапсырыс бойынша балабақшаға барады. Бір топта 25 бала тәрбиеленуде. Бірақ, шынын айту керек, аталмыш

“

Аталмыш балабақшаға қатысты бұл бірінші шығып отырған шу емес. Былтыр атыраулық жас ана сөйлеу қабілеті дамымаған ерекше сәбиінің денесінде түрлі жарақат пайда болғанын айтып, құзырлы органдарға шағымданған болатын.

балабақшаға қатысты бұл бірінші шығып отырған шу емес. Былтыр атыраулық жас ана сөйлеу қабілеті дамымаған ерекше сәбиінің денесінде түрлі жарақат пайда



болғаны анық көрініп тұрған еді. Даулы мәселенің соны қалай шешілгені белгісіз. Дегенмен Атырау облысы Полиция департаменті былтыр Атырауда балабақшаларға қатысты 12 қылмыстық істің тіркелгенін растады. Ал баланың қуығынан бар күшімен тепкен «Зейнеп-Әмина» балабақшасындағы сұмдық оқиға жыл басталмай жатып, балабақшаларға қатысты қылмыстық істер папқасын толықтырып отыр.

Жоғары санатты отбасылық психолог Айгерім Жүнісованың айтуынша, қазіргі уақытта адамдардың көбінде психологиялық ауытқулар бар және бұл — назар аударарлық күрделі мәселе.

«Өйткені адамдар өзінің ішкі жай-күйіне үніле бермейді. Мысалға, адам үнемі ашуланып жүреді делік. Ол жай ғана көңіл жүйінің өзгеруі емес. Адам өмірі қазір бәсекеlestіктен тұрады. Әсіресе, әлеуметтік желілерде ішкен тамағынан бастап, киген киімі, алған сыйлықтарын жарнамалап жататын блогер, эншілердің өміріне қызығып, өзіне риза болмай жүрген қарапайым азаматтар өте көп. Яғни, осындай жұрттың қызылды-жасылды өмірін көріп, адамда бейсаналы түрде өзінің өмірін күнсыздандыру басталады. Психологтардың болжамынша, 2050 жылға қарай әлемде кез келген әр екінші адамда психикалық ауытқу болады. Сондықтан әр адам өзінің ішкі жағдайымен жұмыс істеуді үйренуі керек. Ал тура балабақшадағы жағдайға келетін болсақ, бұл оқиға маман таңдауға үлкен маңыз беру керектігін көрсетті.

Балабақша, мектептерге, тіпті, білім орталықтарына маманды жұмысқа аларда арнайы психологиялық, психиатриялық тексерістер өткізіп барып, шешім қабылдауды ұсынар едім», — дейді Айгерім Жүнісова.

Шынын айта кетейік, бауыр еті баласын балабақшаға сеніп тапсырып, осындай тосын жағдайлардың құрбаны болып жатқан ата-аналар аз емес. Былтыр Атырауда «Чебурашка» жекеменшік балабақшасында бір сәбиі көз жұмған болатын. Қараусыз қалған балдырған балабақша ауласында құдыққа түсіп кетіп, мерт болған еді. Қайғылы оқиғадан соң, балабақша директоры мен міндетіне салғырт қараған тәрбиеші істі болып, сотталған-ды.

Бүлдіршін сәбилерге қатысты оқыс оқиғалардың көбеюі — білім саласына және жекеменшік балабақша секторына темірдей тәртіп жетпей жатқанын көрсетіп отыр.



Мәселен, Павлодар облысындағы балалар үйі жазғы уақытта жөндеуге жабылып, жеткіншектерді екінші жыл қатарынан Бурабайдағы лагерьге жіберіп келген. Алайда Зерендідегі жиын барысында тексеріс жүргізген құзырлы органдар іс жүзінде бұл лагерьде, тіпті санитарлық қадағалау қызметінің рұқсаты да болмай шыққаны анықталғанын баян етті. Демалыс келісімшарты мемлекеттік сатып алу порталында болатындықтан, балалардың демалыс шартын тексеру мүмкін емес. Былтыр лагерьде болған оқыс жағдай өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметті тұтастай аяғынан тік тұрғызған еді. Ашылмаған лагерьде «демалып жатқан» павлодарлық жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне аяқастынан түрлі демалыс орталықтарынан орын іздеп, біреулерін Бурабайға, енді біреулерін Зерендіге автобуспен тасымалдауға мәжбүр болған.

Бұл, әрине еліміздің балалар демалысы орталықтарындағы даулы жағдайлардың бір көрінісі ғана. Жазғы демалысты ұйымдастыру мәселесіне ақыры Үкіметтік деңгейде назар аударылып, оны шешуге іс жүзінде құзырлы жауапты органдар мен министрлік кіріспек. Жиын барысында сонау 2012 жылы алынып лицензиялау нормаларын қалпына келтіру жөнінде шешімі қабылданды. Заңнамаға бұдан өзге де өзгерістер енгізілмек.

Сонымен елімізде балалар демалысын дамыту үшін қайтпек керек? Лагерьлерді балалар қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ететіміз? Түйткілді мәселе құзырлы төрт министрлік, демалыс лагерьлері иелері, қоғам белсенділері мен жергілікті құзырлы атқарушы органдардың қатысуымен талқыға түсті. Зерендідегі «Парус» балаларды сауықтыру орталығы базасында өткізілген алкалы жиынға Парламент Мәжілісінің депутаты Юлия Кучинская, Туризм және спорт министрлігіне қарасты Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұртас Кәріпбаев, сондай-ақ оқу және ағарту, әлеуметтік қорғау және қорғаныс вице-министрлері қатысты. Облыс әкімінің осы салаға жауапты орынбасары Ернар Жәркешов балалар туризмін тұралатқан түйткілді мәселелерді ашық айтуға шақырды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан-ның айтуынша, балалар демалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер жобасы әзірленіп қойған. Былтыр бұл сала қосымша білім беру саласынан шығарылып, қайтадан Оқу-ағарту министрлігіне өткен. Лагерьлерді лицензиялау нормалары енгізілгеннен, демалыс ұйымдары әзірленіп үлгеру үшін 2026 жылдың қаңтарына дейін оны тоқтата тұру ұсынылыпты. Сонымен қатар вице-министр Президенттің жана 50 балалар демалыс орталығы құрылысын салу тапсырмасын жүзеге асыру жұмыстарының барысына тоқталды.

Оқу-ағарту министрлігінің Қосымша білім беру және тәрбие жұмысы департаменті директоры орынбасары Стелла Ибраева лицензиялау туралы нормаларды енгізуде асығыстық жасалғанын мойындады.

— Қазір біз бірқатар қателікті түзетудеміз. Қашан болсын біз лагерьлердің қызметін заңнама тұрғысынан жаңа бөлек сала етіп жасаймыз. Бірақ бұл бүгін-ертең бола қоятын шаруа емес. Ол үшін бірқатар заң мен кодекске өзгеріс енгізу қажет. Онда барлығы түгелдей ойластырылады. Дегенмен уақыт қажет, — дейді Стелла Ибраева.

Департамент директоры орынбасарының дерегінше, дәл қазір 11 жаңа заңнамалық норма жасалып қойған. Жаңа жобалар демалыс лагерьлері орталықтары иелері тарапынан сыңға ұшыраған. Мәселен, оның бірі Кәсіпкерлік кодекске «тиісті лицензиясыз заңнаманы өрескел бұза отырып қызметін жүзеге асыру жеке кәсіпкерлік субъектісіне кәсіпкерлік қызметін тоқтатауға өкеліп соғады» деген

БАЛАЛАР ТУРИЗМІ ТҰРАЛАП ТҰР

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ақмола облысы елімізде туризм саласы дамыған аймақ деп саналғанымен, жылдар бойы қордаланған мәселелер жетіп артылады. Әсіресе, балалар туризмнің тоқсаныншы жылдардан бері тоқырауға түсіп, мемлекеттік лагерьлердің жаппай жабылғаны көптің көкейінде. Сонымен қатар заңсыз, тіпті санитарлық бақылау қызметінің рұқсатынсыз ашылып жұмыс істеп жатқан жекеменшік лагерьлерден аяқ алып жүргізісіз халге жеткен. Өңірде бұдан өзге де балалар демалысының тынысын тарылтатын өткір мәселелер жетіп артылады. Жақында түйткілді мәселе Зерендіде төрт бірдей министрлік өкілдерінің, сондай-ақ құзырлы жергілікті атқарушы билік өкілдерінің қатысуымен майшаммен қаралды.

алғашқы шитатасы сала өкілдерінің сұрақтарын қарша боратыпты.

— Бұл жерде қайсысын дәрекі занбұзушылық, қайсысы дұрыс деп санау қажет? Ол қалай анықталмақ? Қандай да бір ескерту шаралары бола ма? деді Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская.

— Әрине, біз балалардың қауіпсіздігіне қатты алаңдаймыз. Бірақ қала сыртындағы балалар демалысына арналған нысандардың азаюы да алаңдаушылық тудырады, — дейді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Туризм департаменті сарапшысы Анар Шаймұханова.

Дегенмен жиын барысында лагерьлерді лицензиялау қажеттігін залда қатысушылардың іс жүзінде бәрі де келісті. Бірақ бірқатар сауал да туындады.

— Мен де лицензиялау қажеттігін қолдаймын. Балалармен кім көрінген емес, кәсіби мамандар жұмыс істеуге тиіс деп есептеймін. Бірақ кәсіпкерлерге әзірлену үшін қосымша уақыт беру қажет деп ойлаймын. Біз қазір, тіпті лицензия алу үшін қандай талаптарды орындау қажеттігін де білмейміз. Қаңтарда заң нормасы күшіне енбек. Ал көптеген рұқсат құжаттарын алу уақыты қажет етеді. Балалар демалысымен айналысу кәдімгі туристік бизнеске қарағанда мың есе қиынырақ екенін айтқым келеді. Бұл — аса үлкен жауапкершілік. Лицензиялау жекеменшік лагерьлер санын азайтуға ықпал ететін бір факторға айналуы мүмкін, — дейді туризмді дамыту мәселелері бойынша Ақмола облысы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Әрі «Discovery» — Боровое» демалыс орталығы директорының орынбасары Павел Безвербный.

Алайда кәсіпкерлердің бұл уәжіне Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан қарсылығын білдіріп, лицензия алуға құжаттарды рәсімдеуге жететіндей уақыт бар екенін жеткізді.

— Балалар сауықтыру орталықтарына талап кез келген жағдайда қатаңдатылады. Бұл аса күрделі жағдайларға байланысты болып отыр. Балаларды мұндай жұмысқа ешқандай рұқсаты жоқ орталықтар да қабылдаған. Мемлекет балаларды қорғауға тиіс, — деді вице-министр.



Еліміздің аумағында жыл бойы жұмыс істейтін 17 лагерь бар. Оларда балаларды оқытуға және медициналық қызмет көрсетуге де жеке лицензиялары бар. Лицензиялау туралы нормалар енгізілгеннен кейін олар үшіншісін алуы керек пе? Әлде, алдыңғы екі лицензиялары күшін жоя ма?

Занды жоспарлау кезінде демалысты ұйымдастырудың алуан түрлерін ескеру қажеттігін бәрі кездесу барысында айтты.

— Еліміздің аумағында жыл бойы жұмыс істейтін 17 лагерь бар. Оларда балаларды оқытуға және медициналық қызмет көрсетуге де жеке лицензиялары бар. Лицензиялау туралы нормалар енгізілгеннен кейін олар үшіншісін алуы керек пе? Әлде, алдыңғы екі лицензиялары күшін жоя ма? деп сұрады республикалық балалар және жасөспірімдер туризмі ассоциациясының төрағасы Қайрат Сұлтанов министрлік өкілдерінен.

Тағы бір аса маңызды мәселе, тұрақсыз балалар лагерьлері, яғни күрделі және киіз үйлі лагерьлерді лицензиялау мәселесі де үлкен талқыға түсті.

— Демалыстың мұндай түрлерін лицензиялаудан шығаруға болмайды. Балалардың өрт, санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету онда аса өткір тұр. Бірақ заңнама қазір тек лагерьлердің екі түрін, яғни жыл бойғы және маусымдық түрлерін ғана анықтаған, — дейді «Астана Кэмп»

балалар сауықтыру орталығының директоры Мәліс Әбенев.

Өңірдің бас санитар дәрігері де бұл мәселеде көптеген киіз үйлі және күрделі лагерьдің еш құжатсыз жүргенін, сондықтан түрлі улану және басқа да түйткілді мәселелердің туындап отырғанын атап өтті.

— Қазір күрделі және киіз үйлі лагерь көп жағдайда ешқандай құжатсыз жұмыс істеп жатыр. Бізде астан улану, тіпті қылмыстық оқиғалар да болған. Бізге осындай лагерьлерді далада кезіп жүріп іздеуге тура келеді. Тексеріс өткізу үшін тым құрығанда бұл субъектінің қайда орналасқанын білуіміз қажет қой, — дейді облыстың Санитарлық бақылау департаментінің басшысы Айнагүл Мусина.

Сонымен балалар демалысы ұйымдарының күрделі талаптары да айтылмай қалмады. Мәліс Әбенев жазғы лагерьлерге қазір Полиция басқармаларының жедел орталығына қосылған бейнебақылау камераларымен жабықтау талабын орындау мүмкін болмай отырғанын атап өтті.

— Иә, біздің мекеме жалпы білім беру мекемелеріне жатқызылады. Бірақ біз тұрған аумақта, тіпті ұялы байланыс та жөндеп ұстамайды. Бұл — елді мекендер

демалыс орындарында матрастардан да мүлде бас тартып, балалар кәдімгі тактайда ұйықтап жатқандар да болып шықты. Сондай-ақ бұл ыдыс-аякқа да қатысты. Пластик немесе кәдімгі ыдыс болса да сынған ыдыс ұстауға бола ма? Стандарт қызметкерлерді жұмысқа алу және рұқсат беруде, медициналық тексерістен өтуде және медициналық кітапшалар алуға да болуға тиіс, — деп атап өтті, Марал Тілеу-лесқызы.

Оның айтуынша, заңнамада тек демалыс түрлерін бекітіп қана қоймай, барлық демалыс орталықтарын қызмет түрлеріне, қуаттылығына қарай нақты болуы қажет. Сонымен қатар ол мемлекеттік тапсырыс алған барлық ұйымдар жылына екі мәрте мемлекет есебінен тексерілуге тиіс деп санайтынын жеткізді.

— Бірінші мәрте болған жағдайда бұзушылық үшін айыппұл салмай, оны жоюға уақыт беріп, нұсқау берілгені жөн. Ал егер бизнес өкілі мәселені шешпесе онда өзінен көрсін. Нұсқауды орындамағаны үшін айыппұл салу қажет әрі сол бұзушылық үшін толыққанды жауапкершілікке тарту керек. Сонда жосықсыздар саны азайып, адал кәсіпкерлер талаптарды орындап тыныш жұмыс істей алады. Ең бастысы балалардың дені сау әрі қауіпсіз демалады, — деп толықтырды Марал Рақымжанова.

СУБСИДИЯ БЕРІЛГЕНІ ЖӨН

Балаларға қолайлы жағдай туғызу үшін кәсіпкерлерге не қажеттігі жөніндегі сауалға Қайрат Сұлтанов жауап берді.

— Жекеменшік лагерьлер барлық салық түрлерін төлейді. Тіпті, мемлекеттік демалыс орталықтары қосымша күн салығынан босатылғанымен, бізге осы ҚҚС төлетеді. Бұл әділ емес деп санаймын. Балалар туризмі дамуы үшін салаға мемлекеттен қолдауы ауадай қажет. Балалар лагерьі — туризмдегі аса үлкен ауқымды жоба, ондаған жұмыс орны, ірі жергілікті өндіріс орындарының өнімдерін тұтынатын көлем. Менің ойымша, мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қолдаудан кем болмауға тиіс. Арзан несиелер қажет. Сонда бизнес осы аса үлкен энергия мен жауапкершілікті салаға келеді, — деп түйінделді балалар туризмі ассоциациясының төрағасы.

Қайрат Сұлтановтың айтуынша, Бурабай ауданындағы Қатаркөл көлінде алты ескі балалар лагерьі жұмыс істемейді. Оларды қайта іске қосу өңірде 500-ге дейін жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бермек. Бұл сондай-ақ ақмолалық курортты аймақтарда қазакстандық балалардың 20 пайызын демалдыруға да болатын жағдай туғызады.

Балалар орталығының басындағы тағы бір аса өзекті мәселе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда балалардың болғаны үшін төлем жасау қажеттігі болып отыр. Жиын барысында сөз алған Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының төрағасы Ерқанат Мұсылманбек ұлттық парктарға кіруге тек 18 жасқа толғанда ғана кәмеелет жасы болғанымен, жарна төлеуден алты жасқа дейінгі балалар ғана босатылады.

— «Балдәурен» республикалық балаларды сауықтыру орталығы ғана ұлттық парк аумағына балалардың келгені үшін жылына 50 миллион тенге төлейді. Бұл — заңнамадағы өте өрескел қателік. Сондықтан біз оны дереу жоюды өтінеміз, — деді Ерқанат Мұсылманбек.

Кәсіпкерлердің сауалдарына жауап берген вице-министр Еділ Оспан көптеген мәселенің министрлікте көптен бері талқыға түскенімен, оның бәрін шеше алмай отырғанын мойындады.

— ҚҚС мәселесі өкілетті мемлекеттік органмен талқылау қажет. Егер Ұлттық экономика министрлігі қолдаса біз де қолдаймыз. Нысандарды күрделі жөндеуге қатысты мәселенің бәрі әкімдіктерге жатады. Олар мәселені шешуге тиіс. Мемлекеттік жекеменшік әріптестікпен бе, әлде бюджет есебінен бе, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бе оны өздері шешеді, — деді вице-министр.

Өз кезегінде Юлия Кучинская кездесуде айтылған барлық мәселе бойынша тарапына салынып, нақты ұсыныстар Парламентте көтерілетінін атап өтті.

P.S.
Қорыта айтқанда, ақсап тұрған балалар туризмі саласына қайта қан жүгіру үшін жауапты органдар мен министрліктер жедел арада заңнамалық өзгерістер мен жауапкершілік талаптарын сүзгіден өткізіп, түйткілді мәселелерді шешудің он жолын табуы қажет. Мәселе жүгі ауыр болғанымен, уақыт созбақтауды еш кешірмейді...

23 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



«ҚАЗАҚ ЧЕМПИОНДАРЫ» – ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ЖАЙЛЫ КОМИКС

Өскеген толқынды кітапқа баулитын, әдебиетке құмарлығын арттыратын жанрдың бірі – комикс. Қазақ тілінде жазылған алғашқы Жүсіпбек Аймауытұлының «Жаман тымақ» атты комиксі осыдан 1 ғасырға жуық уақыт бұрын жарыққа шыққан. Содан бері төл әдебиетімізде балалардың оқуына жеңіл, тіліне ыңғайлы жазылып жатқан комикстер некен-саяқ еді. Ал бүгін солардың қатары туң туындымен толықты. Жазушы, журналист Азамат Әбілқайыр мен спорт журналисі Аслан Қаженовтің жарыққа шыққан «Қазақ чемпиондары» атты комиксі былтыр Париж Олимпиадасының жүлдегерлеріне арналған. Бұл – көзі тірі спортшыларға арналған тұңғыш жинақ.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бес кітаптан тұратын комикс жанрындағы кітаптан дзюдошы Елдос Сметов, Ғұсман Қырғызбаев, боксшылар Назым Қызайбай мен Нұрбек Оралбай, палуан Демеу Жадраев, гимнаст Нариман Қурбанов, мергендер Александра Ле мен Ислам Сәтбаев және Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің Президенті Геннадий Головкин туралы ақпарат алуға болады. Комикстің авторлары еңбектің шынайы оқиға негізінде жазылғанын тілге тиек етіп, балаларға ел намысын қорғап жүрген спортшылардың нағыз батыр екенін және сол батырлардың арамызда екенін көрсетуді мақсат еткенін айтты.

– Бүгін осы кітапты оқып, ертең болашақ Демеулер, Елдостар, Назымдар шығып жатса әрі осы комиксті оқығаннан кейін баланың кітапқа деген махаббаты ашылып, ертең том-том романдар тауысып жатса, ол – миссиямыздың орындалғаны. Комикс – қазақ әдебиетінде өте кенже қалған жанрдың бірі. Осы кітапты шығару арқылы басқа да балалар әдебиетіне қалам сілтеп жүрген қаламгерлерге ой тастасақ деген мақсат болды. Бастысы балалар комиксті оқып, қоғамда тегігін тауып кіріпші болып қаланып жатса, біздің мақсатымызға жеткеніміз, – деді Азамат Әбілқайыр.

Қазақ комиксінің тақырып аясын кеңейте түскен кітаптың мазмұнына Париж Олимпиадасының жүлдегерлері арқау болған. Авторлар оны әр спортшының кәсіби мансабында қызық пен қиындық қатар жүретінімен түсіндірді.

байрағымызды желбірететін жас өрендердің шығуына ықпалымыз тисе екен. Негізі, Париж Олимпиадасының жеңімпаздарын тек спортшы ретінде көрсетпей, оларды жан-жақты таныстыруға тырыстық. Олар да тұрмыстық қиындық көрген. Мәселен, кітапта Назым Қызайбайдың бұрын 1500 теңге таба алмай, ынтасымен боксқа қалай жол тапқаны немесе Демеудің аяқкімі болмай, шұлықпен күресіп, Бішкекте топ жарғаны, Айбек пен Нұрбек алғашында бокс залына



Бес кітаптан тұратын комикс жанрындағы кітаптан дзюдошы Елдос Сметов, Ғұсман Қырғызбаев, боксшылар Назым Қызайбай мен Нұрбек Оралбай, палуан Демеу Жадраев, гимнаст Нариман Қурбанов, мергендер Александра Ле мен Ислам Сәтбаев және Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің Президенті Геннадий Головкин туралы ақпарат алуға болады.



– Кітап идеясының авторы – Аслан Қаженов. Мен сценарисмін. Әріптесім Аслан Қаженов Париж Олимпиадасында ақпарат таратып, көпшілікті халықаралық доладағы отандастарымыздың жетістіктерімен бөліскеніне баршамыз куәміз. Қай чемпионның да біз білмейтін қыр-сыры көп. Содан кейін әріптесім осы азаматтарды неліктен көпшілікке ұсынбаймыз деген ой тастады. Оны оқуға жеңіл, суреттері де қанық болатын комикс жанрында жазуды ұйғардык. Осы спортшылар арқылы ертең халықаралық аренадаларда, додаларда намысымызды қорғап,

қатынауы қиындап, футболға ауысып кеткенде, бапкері іздеп барғаны сияқты жайттардың бәрі өмірінен алынды, – деді А.Әбілқайыр.

Комикс шынайы оқиға негізінде жазылғандықтан, авторлар әр спортшымен, бапкерімен тілдескенін айта кету керек. Шығармашылық жұмыстың оңай емес екені анық, сондықтан кітап сериясын жазуға шамамен үш айдай уақыт кетіпті. Париж Олимпиадасы кезінде қазақстандық спортшылардың қасында жүріп, елге хабар таратқан спорт журналисі Аслан Қаженов аталған комикстер топтамасы спорт мектептеріне, кітап-

ханаларға тегін таратылатынын айтты. Сондай-ақ спортшыларға арналған топтаманың электронды нұсқалары да бар.

– «Қазақ чемпиондары» комиксі сериясын шығару идеясы Париж Олимпиадасынан кейін келді. Олимпиада барысында күнде сағат сайын тікелей эфирге шығып жалнықтар таратып, эксклюзивті сұхбаттар жаздым. Фильмдер түсірдік. Елге келген соң спорт саласындағы проблемаларды көрдік. Былтыр қыркүйек, қазан айларында білек сыбана кірістік. Бірақ бұл біз ойлағандай оңай шаруа емес екен. Шығармашылық процесс ұзаққа созылды. 5 кітапқа 5 шығармашылық жұмыс істеді, өзіміз де басы-қасында жүрдік. Бұл еңбек Париж Олимпиадасында ел намысын қорғаған спортшыларымызға деген құрмет, екінші жағынан өскелең толқынға үлгі, спортта жетістіктер көбейсе, болашақ чемпиондардың дайындығына сәл де болса үлесімізді қосуға кеткен әрекетіміз. Сондықтан елде кенжелеп қалған комикс жанры арқылы жас ұрпаққа қазақ чемпиондарының есімі мен жетістіктерін насихаттауды көздедік. Осы кітапты оқығандар арасында тек спортшы емес, комикс жанрында кітап жазатын немесе комикске сурет салатын балалар шығып жатса, тіпті керемет. Мүмкіндігінше, қазақ әдебиетіне, қазақ спортына қызмет еткізіміз келеді, – деді спорт журналисі Аслан Қаженов.

Әлемдік додаларда байрағымызды желбіреткен спортшы өте көп. Мәселен, Азамат Әбілқайырдың былтыр «Бекзат Саттарханов кім?» атты шағын кітабы жарыққа шыққан болатын. Автор бірнеше ай бойы кейіпкерді зерттеп, беймәлім тұстарын жинап жинап етіп құрастырды. Ол спорт саласында ұмытылмас еңбек еткен тұлғалар мен спортшылар туралы әлі де еңбек жазу жоспарында бар екенін негізге ала отырып, комикстің әдебиеттің бір жанры ретінде дамуы керек екенін алға тартты. Спорттың кенінен насихатталуына аянбай жұмыс істеген спорт журналисі, комментатор Амангелді Сейітхан, Әмен Тұяқов, Шәмил Серіков сияқты бірқатар азаматтарды комикспен шығарып, ең әуелі балалар аудиториясына адал қызмет етуді көздейтінін де жасырмады.

– Қазақстан шыққан чемпиондар жайлы жазу ойымызда бар. Бірақ тек чемпиондар ғана емес, ғалымдар, әр салада жүрген мамандар, шекарашылар, шахтерлер, журналист, ұшқыш көп. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады, осындай жұмысшы мамандарды, ел арасында жүрген қарапайым азаматтарды елге үлгі етіп көрсету жоспарымызда бар. Мәселен, Атырау облысында су

тасқыны кезінде халықтың сүйкімдісіне айналған Пішон деген ит болды. Халықтың ауызбіршілігін осы ит арқылы көрсетуді де жоспарлап отырмыз. Комикс – төл әдебиетімізді, мәдениетімізді, насихатымызды өткізетін бірден-бір құрал әрі жанр. Қазір әдебиетте жүрген қаламгерлер қауымы комикс жанрын әдебиеттің бөлшегі деп санайды. Осы нәрсе мені қызықтытады. Кітапты шығарар алдында идеяларымызды айтып жүрдік, сонда комиксті суретпен жеңіл-желпі жазылған кітап ретінде деп қарайтынын байқалдым, – деп көңілді толмайтын тұстарды мысалға келтірді А.Әбілқайыр.

Бүгінде әлем комикске ерекше назар аударуда. Мәселен, Жапонияның мангасы бар, Америка, Оңтүстік Корея, Түркия, Ресей мен Қытай елдерінде балаларға ғана емес, ересектерге арналып жазылған комикс жанрындағы шығарма өте көп. Қазір елімізде комикс жасампаз жасөспірімнің сүйіп оқитын жанрына айналып келе жатыр. Сондықтан ынта-ықыласы артып тұрған кішкентай оқырманның сұранысын қанағаттандыру үшін қазіргі қазақ авторларының да қаламынан осындай шығармалар туындап жатқаны көңілге қуаныш ұялатады.

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ МУЗЕЙІНЕ – 90 ЖЫЛ

Биыл Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейіне 90 жыл толады. Музейде 26 мыңнан астам өнер туындысы бар. Онда қазақ халқының өнері мен рухани мұрасы қамтылған.

Туындылар қатарында кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер жауһарлары ұсынылған. Олардың ішінде Қазақстан өнерінің алтын қорына енген түпнұсқа жауһарлар бар. Айтулы оқиғалардың бірі – «Қазақстанның заманауи өнері» атты жаңа залдың ашылуы. Бұл экспозиция еліміздің жетекші суретшілерінің шығармаларын қамтиды. Сондай-ақ музей тарихы мен өркендеуіне арналған ретроспективті фотокөрме өткізу жоспарлануда. Көрмеде бірегей мұрағаттық құжаттар көшірмесі, фотосуреттер ұсынылады. Бұл көрме музейдің бүгінгі дейінгі тарихы мен өркендеу жолына арналған.

Тағы бір көрме Қазақстанның бейнелеу өнері тарихында есімдері қалған суретшілердің мерейтойларына арналады. «Жанданған жауһарлар» көрмесінде 100-ге жуық реставрацияланған туынды ұсынылады. Кескіндеме, графика, мүсін және



колөнер, тоқу, зергерлік, киізден жасалған бұйымдар және басқа да реставрация жұмыстары сипатталған төлқұжаттарымен, «дейін» және «кейін» фотосуреттерімен бірге жүреді. Көрмеге көптеген жұмысқа экспозициялық көрініс беріп, көп күш жұмсаған, елеулі еңбек сіңірген аға буын реставраторлары шақырылады. Маңызды ғылыми оқиға – жыл сайынғы «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы. Дәстүрлі іс-шарада музей ісін зерттеушілер мен өнертанушылар бас қосады.

«СИҚЫРЛЫ ҚҰМЫРА» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ



Павлодарда ашылған «Сиқырлы құмыра» көрмесінде жұрт назарына музей қорындағы құмыралардың бірегей коллекциясы ұсынылған.

Олардың көбі Ергіс өнірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне жәдігерлер. Потанин атындағы облыстық өлкетану музейінде құмыралардың жүзге тарта түрі сақталған. Тарихи-өлкетану музейінің бас қор сақтаушысы Әлия Жомартванын айтуынша, ол кезде Қазақстан

музейлерінде мұндай құнды жәдігерлер әлі болмаған.

– Көне ыдыстардың түбі дөңгелек болып келеді және түрлі өрнектер салынған. Ыдыстың түбінде күн сәулесі бейнеленеді. Бұл ежелгі адамдар құмыраларды тек азық-түлік сақтау үшін емес, өздеріне тән салт-жораларды жасау үшін пайдаланғанын білдіреді. Өрнектер арқылы кейінгі ұрпаққа ақпарат қалдыру да мүмкін деп топшылаймыз, – дейді Г.Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің бас қор сақтаушысы Әлия Жомартванова.

Көрмеге Ақсу қаласының тарихи-өлкетану музейінен алғаш рет жәдігерлер әкелінді. «Сиқырлы құмыра» көрмесі археологтар мен тарихшылардың да назарын өзіне аударды. Ұйымдастырушылар музей қорында сақталған бірегей экспонаттарға халық өзінің лайықты бағасын береді деген сенімде.

9 КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Жазушылар одағы және «Отандастар қоры» КеАҚ бірлесіп ұйымдастырған «Ұлы Дала – 2024» шетелдегі қазақ ақын-жазушыларының қаламынан туған 9 кітаптың тұсауы кесілді.

Шараның мақсаты – шетелдегі этникалық қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығын қолдау, олардың еңбектерін қалың аудиторияға таныстыру және қазақ мәдениетінің бірегейлігін сақтап, нығайту. Айта кету керек, жиын барысында шетелдегі қазақ ақын-жазушыларының шығармашылық еңбектері алғаш рет қазақ оқырмандарына ұсынылды. Кітаптар қазақ әдебиетінің байлығын көрсетуге бағытталған. 2024 жылы байқау жеңімпазы атанып, жарыққа шыққан кітаптар қатарында Рысбек Зүрганбайұлының «Қобданың қоныр желі», Лала Жүнісқызының «Қарасу жырлары», Баман Құрман-

ханұлының «Айтағалы салт атты» және бірқатар авторлардың еңбектері бар.

«Ұлы Дала» жобасы шетелдегі қазақтардың мәдени және әдеби мұраларын зерттеуді, жинақтауды, басып шығаруды және көпшілікке таратуды мақсат етеді. Шетелдегі қазақтардың шығармашылық еңбектері Қазақстанда кеңінен танылып, олардың мәдени мұрасы насихатталады. Қазақ әдебиеті жаңа шығармалармен толығып, ұлттық бірегейлік нығайтылады. Жас ұрпақ қазақтың мәдени және әдеби құндылықтарына терең қызығушылық танытуға мүмкіндік алады.

С.БЕГІМБАЕВА



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4548
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,